

ҚАҒИДАЛАР ЖИНАҒЫ

Тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)

Б е к і т і л д і

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен

(2018 жылғы 14 желтоқсандағы сырттай дауыс берудің № 111 (з) хаттамасы)

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	6
1-тарау	Жалпы ережелер	6
1-бап	Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, ауызша түсіндірмелер	6
2-бап	Тіркеу және депозитарлық қызметтер туралы жалпы ережелер	7
3-бап	Орталық депозитарийде есепке алынатын құралдар туралы жалпы ережелер	8
4-бап	Бұйрықтар мен өтініштер туралы жалпы ережелер	9
5-бап	Бұйрықтың (өтініштің) нысаны	10
6-бап	Бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркеуге жататын құжаттар	10
7-бап	Бұйрықты (өтінішті) беру әдістері. Бұйрықты (өтінішті) қабылдау уақыты	11
8-бап	Орталық депозитарийдің бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тартуы үшін жалпы негіздеме	11
2-тарау	ЖЕКЕ ШОТТАР МЕН ҚОСАЛҚЫ ШОТТАР	13
§ 1.	Жеке шоттар	13
9-бап	Жалпы ережелер	13
10-бап	Жеке шоттар мәртебесі	14
11-бап	Жеке шоттар белгілері. Жалпы ережелер	15
12-бап	Жеке шоттар белгілері. Өзара алмасымды белгілер	15
13-бап	Жеке шоттар белгілері. "Табылмаған клиент" жеке белгісі	15
14-бап	Жеке шоттар бөлімдері	15
15-бап	Жеке шоттардың кейбір түрлеріндегі және жеке шоттардың кейбір бөлімдеріндегі құралдарды есепке алу бойынша шектеулер	16
16-бап	Жеке шоттардың нөмірлері	16
§ 2.	Қосалқы шоттар	16
17-бап	Жалпы ережелер	16
18-бап	Қосалқы шоттардың мәртебелері	17
19-бап	Қосалқы шоттардың белгілері. Жалпы ережелер	17
20-бап	Қосалқы шоттардың белгілері. "Кастодиандық", "брокерлік", "жалпы" өзара алмасымды белгілер	18
21-бап	Қосалқы шоттардың белгілері. "Сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" жеке белгісі	18
22-бап	Қосалқы шоттардың белгілері. "Табылмаған клиент" жеке белгісі	19
23-бап	Қосалқы шоттардың бөлімдері	19
24-бап	Қосалқы шоттардың кейбір түрлеріндегі және қосалқы шоттардың кейбір бөлімдеріндегі құралдарды есепке алу бойынша шектеулер	19
25-бап	Қосалқы шоттардың нөмірлері	19

3-тарау	ЖЕКЕ ШОТТАР МЕН ҚОСАЛҚЫ ШОТТАРДЫ АШУ, ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ ЖАБУ, ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ	20
§ 1.	Жеке шоттарды ашу, оқшаулау және жабу, олардың деректерін өзгерту тәртібі	20
26-бап	Жалпы ережелер	20
27-бап	Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме	21
28-бап	Жеке шотты ашу тәртібі	21
29-бап	Жеке шоттың деректемелерін өзгерту тәртібі	22
30-бап	Жеке шотты оқшаулау тәртібі	22
31-бап	Оқшауланған жеке шот бойынша тіркеуге рұқсат етілген мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	23
32-бап	Жеке шотты оқшаулаудан шығару тәртібі	23
33-бап	Жеке шотты жабу тәртібі	24
§ 2.	Қосалқы шоттарды ашу, оқшаулау және жабу, олардың деректерін өзгерту тәртібі	24
34-бап	Осы параграфтың қолданылу саласын шектеу	24
35-бап	Жалпы ережелер	24
36-бап	Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме	25
37-бап	Қосалқы шотты ашу тәртібі	26
38-бап	Қосалқы шоттың деректемелерін өзгерту тәртібі	26
39-бап	Қосалқы шотты оқшаулау тәртібі	26
40-бап	Оқшауланған қосалқы шот бойынша тіркеуге рұқсат етілген мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	27
41-бап	Қосалқы шотты оқшаулаудан шығару тәртібі	28
42-бап	Қосалқы шотты жабу тәртібі	28
4-тарау	ҚҰРАЛДАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ	29
43-бап	Жалпы ережелер	29
44-бап	Орталық депозитарийдің өтінішті орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме	29
§ 1.	ЖШС-дағы бағалы қағаздар мен үлестерді тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау	30
45-бап	Мемлекеттік бағалы қағаздарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі	30
46-бап	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі	31
47-бап	Қазақстандық депозитарлық қолхаттарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау ерекшеліктері	31
48-бап	ЖШС-дағы үлестерді тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі	32

§ 2.	Талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау	32
49-бап	Талап ету құқығының туындау фактісін азаматтық құқық объектілері ретінде белгілеу	32
50-бап	Талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі	33
51-бап	Талап ету құқығының туындау фактісін азаматтық құқық объектілері ретінде белгілеу туралы мүдделі тұлғаларға хабарлау	33
§ 3.	Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау	34
52-бап	Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдауды шектеу	34
53-бап	Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау тәртібі	34
5-тарау	МӘМІЛЕЛЕРДІ, ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ НЕГІЗДЕРІ	35
54-бап	Жалпы ережелер	35
55-бап	Тіркелетін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар жіктемесі	36
§ 1.	Жіктеменің негізгі белгілері бойынша топталған мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	36
56-бап	Бір атаудағы барлық құралдарға жататын мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	36
57-бап	Құралдарға меншік құқығының көшуіне байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	37
58-бап	Құралдар бойынша меншік иесінің құқықтарын пайдалануға әсер ететін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	37
59-бап	Басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	38
§ 2.	Жіктеменің қосымша белгілері бойынша топталған мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	38
60-бап	Ыңғайласпа бұйрықтар негізінде тіркелетін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	38
61-бап	Ақша аударуға байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар	39
62-бап	Ұйымдастырылған қаржы нарығына байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар. Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін ақпарат	40
63-бап	Ұйымдастырылған қаржы нарығына байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар. Сауда-саттықты ұйымдастырушыны тексеру	40
§ 3.	Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеу тәртібі туралы жалпы ережелер	42
64-бап	Жалпы ережелер	42
65-бап	Бұйрықтың орындалу ықтималдығын тексеру	43
66-бап	Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме	43
67-бап	"Төлемге қарсы жеткізу" принципі	45
§ 4.	Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру және тоқтату	46
68-бап	Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату үшін негіздеме	46

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)**

69-бап	Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі	46
6-тарау	БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР	48
70-бап	Есептік құжаттар	48
71-бап	Депонент клиентін банкрот деп тану	49
72-бап	Орталық депозитарий қызметін төлеу	51
73-бап	Қорытынды ережелер	51
74-бап	Өтпелі ережелер	51
Қосымшалар		
	Жеке шоттар мен қосалқы шоттар	53
1-қосымша	Жеке шот бөлімдерінің тізбесі мен сипаттамасы	53
2-қосымша	Депоненттің жеке шотында ашылатын қосалқы шоттар түрінің сипаттамасы мен тізбесі	56
3-қосымша	Депоненттің жеке шотында ашылатын қосалқы шоттар бөлімдерінің сипаттамасы мен тізбесі	58

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-ның (бұдан әрі – Орталық депозитарий) тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асыру шарты мен тәртібін айқындайды.

Осы Қағида Орталық депозитарийдің қағидалар жинағының (бұдан әрі – Қағидалар жинағы) құрамдық және ажырамас бөлігі болып табылады.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер, ауызша түсіндірмелер

1. Осы Қағидада Қазақстан Республикасының заңнамасымен және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында анықталған ұғымдар, терминдер, шартты (қысқартылған) белгілер пайдаланылады.
2. Осы Қағидада пайдаланылған басқа терминдер мен шартты (қысқартылған) белгілер төмендегілерді білдіреді:
 - "өтініш беруші" – өтініш берген (беретін) тұлға;
 - "ҚДҚ" – Қазақстан депозитарлық қолхаттары;
 - "дәлелді бас тарту" – бұйрық берушіге немесе өтініш берушіге арналған және осындай бас тарту негіздемесі көрсетілген бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тарту бар Орталық депозитарийдің есептік құжаты;
 - "Ұлттық Банк" – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
 - "бұйрық беруші" – бұйрық беретін (берген) тұлға;
 - "уәкілетті тұлға" – мемлекеттік орган немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Орталық депозитарийде ашылған барлық немесе жекелеген жеке шоттарды және қосалқы шоттарды оқшаулау немесе оқшаулаудан шығару міндеттілігінен немесе Орталық депозитарийде ашылған барлық немесе жекелеген жеке шоттарда және қосалқы шоттарда есептелетін құралдарды оқшаулау немесе оқшаулаудан шығару міндеттілігінен немесе Орталық депозитарийде ашылған барлық немесе жекелеген жеке шоттарда және қосалқы шоттарда есептелетін құралдарды аудару міндеттілігінен туындайтын шешімдерді қабылдау құқығына ие (иеленетін) өзге тұлға;
 - "серіктестік" немесе "ЖШС" – жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
 - "уәкілетті орган" – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі орган ретінде Ұлттық Банк.

3. Осы Қағиданың мақсаты үшін:

- 1) бағалы қағаздарға эмиссиялық бағалы қағаздар түсініледі;
- 2) ЖШС-дағы үлестерге ЖШС жарғылық капиталындағы үлес түсініледі;
- 3) құралдарды шығару проспектісіне оның атауына, осы құралдарды шығару мен оналастыру шартын анықтайтын нысаны мен мазмұнына, сондай-ақ егер бұл олардың түрінен туындаса, осы құралдарды өтеуге қарамастан, қолданылатын заңнамаға сәйкес жасалған және тіркелген (бекітілген) құжат;
- 4) мәмілелерге операцияларға, оқиғаларға құралдармен жасалған мәмілелер, операциялар, оқиғалар түсініледі;
- 5) депонентке шын мәніндегі депонент (Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңымен анықталған "депонент" түсінігі ретінде) немесе Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы тұлғаға Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттің жеке шоты ашылуы мүмкін немесе ашылған күшінен депонентке теңестірген тұлға;
- 6) қандай да бір тұлғаның жеке шотына немесе қосалқы шотына аталған тұлғаның атына ашылған жеке шот (қосалқы шот) түсініледі;
- 7) жеке шоттағы қосалқы шотқа немесе жеке шоттың қосалқы шотына немесе қосалқы шотқа жеке шотта ашылған қосалқы шот түсініледі;
- 8) жеке шоттың немесе қосалқы шоттың бөліміне жеке шотта (қосалқы шотта) бөлініп көрсетілген бөлім түсініледі;
- 9) жеке шоттың иесіне оның атына осы шот ашылған тіркелген тұлға түсініледі;
- 10) қосалқы шоттың иесіне оның атына осы қосалқы шот ашылған тұлға түсініледі.

2-бап.

Тіркеу және депозитарлық қызметтер туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий тіркеу және депозитарлық қызметті өзінің есепке алу жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырады.

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі матрицаны білдіреді, оның жолдары жеке шоттар және қосалқы шоттар, ал бағандары – құралдарды ұстаушылар тізілімдері (мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері мен серіктестік қатысушыларының тізілімдерін қоса алғанда) және Орталық депозитарийдің атына есепке алу ұйымдарында ашылған номиналды ұстаушының шоты болып табылады.

2. Құралдарды Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі матрицаларының жолдары бойынша есепке алу құралдарды ұстаушылар, оның ішінде номиналдық ұстаушылар тұрғысынан жүргізіледі.

Құралдарды Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі матрицаларының бағандары бойынша есепке алу құралдардың атаулары тұрғысында жүргізіледі.

3. Депоненттердің жеке шоты мен депоненттердің жеке шоттарында ашылған қосалқы шотты білдіретін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі матрицаларының жолдарындағы мәліметтер жиынтығы номиналдық ұстауды есепке алу жүйесі болып табылады.

Құралдарды ұстаушылар тізілімдерін білдіретін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесі матрицаларының бағандарындағы мәліметтер жиынтығы құралдарды ұстаушылар тізілімінің жүйесі болып табылады.

4. Олардың қызметін Қағидалар жинағына сәйкес олар қызметті жүзеге асыру кезінде Орталық депозитарий пайдаланатын есепке алу ұйымдары мен қызмет көрсетуші банктерді анықтау шарты мен тәртібі "Есепке алу ұйымдары мен қызмет көрсетуші банктерді анықтау тәртібі" Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталған.

3-бап. Орталық депозитарийде есепке алынатын құралдар туралы жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий оны есепке алуға міндетті немесе жүргізуге құқылы және оларға қатысты ол қаржы нарығында қызмет көрсетуге міндетті немесе құқылы құралдар Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес анықталады.
2. Орталық депозитарий құралдарды ұстаушылар тізіліміндегі немесе Орталық депозитарийдің атына есепке алу ұйымдарында ашылған номиналдық ұстау шоттарындағы құралдарды есепке алуды жүргізеді.
3. Орталық депозитарий құралдарды ұстаушылар тізіліміндегі құралдарды есепке алуды жүргізеді, Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды ұстаушылар тізілімдерін жүргізуге міндетті немесе құқылы.

Атап айтқанда, Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарды, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін, Қазақстан депозитарлық қолхаттарды ұстаушылар тізілімдерін және талап құқығын ұстаушылар тізілімдерін жүргізуге міндетті және ЖШС қатысушыларының тізілімдерін жүргізуге құқылы.

4. Орталық депозитарийдің атына есепке алу ұйымдарында ашылған номиналды ұстау шоттарында ол осы баптың 3-тармағының ықпалына түспейтін құралдар есебін жүргізеді.
5. Оларды есепке алуды Орталық депозитарий жүргізетін құралдарды ұстаушылар тізіліміндегі құралдар Орталық депозитарийдің тіркеу қызметін көрсетуге қабылданды деп саналады.

Оларды есепке алуды Орталық депозитарий жүргізетін Орталық депозитарийдің атына есепке алу ұйымдарында ашылған номиналды ұстау шотындағы құралдар Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсетуге қабылданды деп саналады.
6. Орталық депозитарий тек құжаттамасыз нысанда шығарылған құралдар есебін ғана жүргізеді.
7. Орталық депозитарий құралдарды оларды өлшеудің (данамен) табиғи бірліктеріне есепке алады (осы тармақтың екінші абзацында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып және осы тармақтың үшінші абзацында белгіленгендерді қоспағанда).

Орталық депозитарий сондай-ақ оларды өлшеудің табиғи бірліктері жоқ құралдарды данамен есептейді, алайда олардың ақшаға шағылуы данаға ауыстырылуы мүмкін.

ЖШС-дағы үлестерді есепке алуды Орталық депозитарий процентпен жүзеге асырады.
8. Орталық депозитарий тіркеу немесе депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдаған құралдар Орталық депозитарийдің бухгалтерлік балансына кірмейді.

4-бап. Бұйрықтар мен өтініштер туралы жалпы ережелер

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Қағидада немесе соларға сәйкес өзге ештеңе қарастырылмаса, Орталық депозитарий тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асырған кезде ол жеке шоттар мен қосалқы шоттарды ашу, оқшаулау және жабу бойынша, олардың деректемелерін өзгерту бойынша, мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеу бойынша, олар қабылдаған бұйрықтар мен өтініштер негізінде есептік құжаттарды беру бойынша және осы бұйрықтар мен өтініштерге сәйкес іс-әрекеттерді орындайды.
2. Осы Қағидада және/немесе Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Банк операцияларын жүзеге асыру қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында белгіленген жағдайда немесе соларға сәйкес Орталық депозитарий бір уақытта қабылдаған бұйрық ақша аудару үшін негіздеме болып табылады.
3. Осы Қағидада белгіленген жағдайда немесе соған сәйкес бұйрық оны орындаудың кейінге қалдырылған күнін белгілей алады. Мұндай жағдайда Орталық депозитарий бұйрықты бұйрықпен белгіленген күні орындайды.

4. Орталық депозитарийдің бұйрықты немесе өтінішті қабылдауы Орталық депозитарийге осы бұйрықты (осы өтінішті) бір мәнді орындау міндетін қоймайды.
5. Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабында қарастырылғандар ішінен жалпы негіздеме (жалпы негіздемелер) бойынша және/немесе осы Қағиданың 27, 36, 44, 66-баптарында қарастырылғандар ішінен айрықша негіздеме (айрықша негіздемелер) бойынша бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тартуға құқылы.

Орталық депозитарийдің бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тартуы сонымен қатар бұйрыққа сәйкес оның талап етілген (сұралған) іс-әрекеттерді орындаудан бас тартуын білдіреді.

6. Орталық депозитарий бұйрықты (өтінішті) осы Қағидада белгіленген мерзім ішінде қарайды.

Аталған мерзімнің аяқталу сәтінен кешіктірмей Орталық депозитарий бұйрықты (өтінішті) орындайды және бұйрықты (өтінішті) берушіге осы бұйрықтың (өтініштің) орындалуын растайтын есептік құжатты жібереді (тапсырады) немесе бұйрықты (өтінішті) берушіге негізді бас тартуды жібереді (тапсырады).

5-бап. Бұйрықтың (өтініштің) нысаны

1. Бұйрықтар мен өтініштер нысандары тікелей Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Орталық депозитарий мен оның клиенттерінің арасындағы келісімдермен анықталған бұйрықтар мен өтініштерді қоспағанда, сондай-ақ осы Қағидаға сәйкес ерікті негізде жасалатын өтініштерді қоспағанда, Орталық депозитарий Басқармасының шешімдерімен бекітілген нысандар бойынша жасалады.
2. Орталық депозитарий оның Басқармасының шешімдерімен бекітілген бұйрықтар мен өтініштер нысандарын өзінің интернет-сайтында жариялайды.

6-бап. Бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркеуге жататын құжаттар

1. Орталық депозитарийдің клиенті бұйрыққа (өтінішке) Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбе бойынша құжаттарды қоса тіркеуі тиіс. Көзделген тізбеде онда тізбеленген құжатқа қойылатын талап болуы мүмкін.

Орталық депозитарий бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркеу жататын құжаттар тізбесін өзінің интернет-сайтында жариялайды.

2. Бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелетін құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеде белгіленген осындай құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

**7-бап. Бұйрықты (өтінішті) беру әдістері.
Бұйрықты (өтінішті) қабылдау уақыты**

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе осы Қағидада өзге ештеңе белгіленбесе, бұйрық (өтініш) Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау және беру тәртібі" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес келуі тиіс әдіспен беріледі.
2. Орталық депозитарийдің бұйрықтар мен өтініштерді қабылдау уақыты Қағидалар жинағының құрамына кіретін оның "Операциялық регламент" ішкі құжатымен анықталады.

8-бап. Орталық депозитарийдің бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тартуы үшін жалпы негіздеме

1. Орталық депозитарий төмендегі негіздемелердің кез келгені бойынша бұйрықты (өтінішті) орындаудан бас тартады:
 - 1) Орталық депозитарий мен бұйрықты (өтінішті) берушінің арасында іскерлік қатынас болмағанда;
 - 2) бұйрықты (өтінішті) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаға сәйкес оны беруге құқығы жоқ тұлға бергенде, оның ішінде бұйрықты (өтінішті) берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің бітуіне байланысты;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы заңды тұлғаларға белгіленген өкілеттіктерге сәйкес оған қол қоюға құқығы жоқ жеке тұлғаның, заңды тұлғаның атынан берілген бұйрыққа (өтінішке) қол қойғанда;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Орталық депозитарийдің бұйрыққа (өтінішке) сәйкес талап етілетін (сұралған) іс-әрекеттерді орындауына тыйым болғанда; немесе іс-әрекеттер бұйрыққа (өтінішке) сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талап етілетін (сұралған) талаптарға, шектеулерге және/немесе айрықша шарттарға сәйкес келмегенде;
 - 5) бұйрықты (өтінішті) берушінің оған бұрын Орталық депозитарий көрсеткен қызметті төлеу бойынша мерзімі өтіп кеткен берешегі болғанда; немесе егер аталған қызмет алдын ала төлеуге жатса, бұйрыққа (өтінішке) сәйкес көрсетуге талап етілетін (сұралатын) қызметке төлемегенде;
 - 6) бұйрық (өтініш) Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген нысанға сәйкес келмегенде;

- 7) бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелген құжаттар осы Қағиданың 6-бабына сәйкес Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеге сәйкес келмегенде;
 - 8) бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелген құжаттар осы Қағиданың 6-бабына сәйкес осындай құжаттарға Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидалар жинағында және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тізбеде белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде;
 - 9) осы Қағиданың 6-бабына сәйкес бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелген құжаттар мен бұйрықтың (өтініштің) мазмұнын бір мәнді түсіну мүмкін болмағанда, оның ішінде тізбеленгендерді шектемегенде, толтыру үшін міндетті толтырылмаған алаңдар немесе түзетілген жерлер, түсініксіз жазбалар, өшірулер болғанда;
 - 10) бұйрықтағы (өтініштегі) мәліметтер мен осы Қағиданың 6-бабына сәйкес бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелген құжаттардағы мәліметтер арасында қайшылықтар болғанда;
 - 11) бұйрықтағы (өтініштегі) және/немесе осы Қағиданың 6-бабына сәйкес бұйрыққа (өтінішке) қоса тіркелген құжаттардағы қолтаңба (қолтаңбалар) және/немесе мөр бедері Орталық депозитарийге берілген қол қою үлгілері мен бұйрықты (өтінішті) берушінің мөр бедері бар карточкадағы үлгіге (үлгілерге) сәйкес келмегенде (мұндай сәйкестік қажет болған жағдайда);
 - 12) Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру тәртібі" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында қарастырылғандар қатарындағы негіздеме бойынша;
 - 13) Орталық депозитарий бұйрықты (өтінішті) орындауға немесе бұйрыққа (өтінішке) сәйкес қызмет көрсетуге қабілетсіз болған кезде өзге дәлелді негіздеме бойынша.
2. Осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында қарастырылған негіздемелерді пайдалану мақсатында Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының заңнамасына мониторингті жүзеге асырады және бұйрықтарды (өтініштерді) тексеруді орындауға уәкілеттенген өзінің қызметкерлерін тыйымдар, талаптар, шектеулер, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген айрықша шарттар туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.
- Бұл ретте Орталық депозитарий бұйрықтар мен өтініштер берушілерді осындай ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті емес.

2-тарау. ЖЕКЕ ШОТТАР МЕН ҚОСАЛҚЫ ШОТТАР

§ 1. Жеке шоттар

9-бап. Жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий өзінің есепке алу жүйесінде төмендегідей санаттағы тұлғаларға жеке шот ашады:
 - 1) эмитенттер мен серіктестерге, олардың үлестерін ұстаушылар тізілімдерін Орталық депозитарий жүргізеді;
 - 2) құралдарды ұстаушыларға;
 - 3) құралдарды ұстаушылардың жалпы өкілдеріне;
 - 4) депоненттерге.
2. Орталық депозитарий ондағы үлестерін ұстаушылар тізілімдерін Орталық депозитарий жүргізетін эмитенттің немесе серіктестік атына келесідей түрдегі жеке шот (әрбір түрдегі жеке шоттан біреуден) ашады:
 - 1) жарияланған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты;
 - 2) сатып алынған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты;
 - 3) олар шығарған құралдар бойынша сатып алынған талап құқығын есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты;
 - 4) олардың иелері талап етпеген орналастырылған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты;
 - 5) айналым мерзімі аяқталған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты.
3. Орталық депозитарий құралдарды ұстаушының атына ұстаушының жеке шотын ашады.

Бір тұлғаның атына ұстаушының тек бір ғана жеке шоты ашылуы мүмкін.
4. Орталық депозитарий құралдарды ұстаушылардың жалпы өкілінің атына жалпы өкілдің жеке шотын ашады.

Бір тұлғаның атына оларға құралдарды ұстаушылар тобы берген санға тең санда жалпы өкілдің бірнеше жеке шоттары ашылуы мүмкін.
5. Орталық депозитарий депоненттің атына депоненттің жеке шотын ашады.

Бір тұлғаға депоненттің тек бір ғана жеке шоты ашылуы мүмкін.

6. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депоненттің жеке шоты төмендегі санаттағы заңды тұлғаның бірінің атына ашылады:
 - 1) кастодиан;
 - 2) брокер;
 - 3) дилер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дилерлік қызметті лицензиясыз жүзеге асыруға құқығы бар заңды тұлға;
 - 4) Ұлттық Банк (егер ол осы тармақтың 1)–3) тармақшаларының ықпалына түспесе);
 - 5) шетелдік депозитарий;
 - 6) шетелдік кастодиан.
7. Жеке шотта (депоненттің жеке шотын қоспағанда) оның атына осы шот ашылған тұлғаның Орталық депозитарийге немесе "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-ға (2019 жылдың 1 қаңтарына дейін) аталған тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті және жеткілікті құжаттарды тапсырмағанын білдіретін шартты сипаты болуы мүмкін.

Шартты сипатқа ие қандай да бір тұлғаның атына ашылған жеке шот аталған тұлғаны сәйкестендірген және оның атына осы Қағидада белгіленген тәртіппен немесе осы жеке шоттан барлық құралдарды аталған тұлғаның мұрагеріне аударған кезде автоматты жабуға жеке шот ашуға жатады.

10-бап. Жеке шоттар мәртебесі

1. Жеке шоттарға "ашылды", "жабылды", "оқшауланды" мәртебелері беріледі.
2. Жеке шоттың "ашылды" және "жабылды" мәртебелері өзара алмасымды болып табылады. "Ашылды" мәртебесі жеке шотқа оны Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашқан кезде беріледі. "Жабылды" мәртебесі жеке шотқа Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шотты жапқан кезде "ашылды" мәртебесінің орнына беріледі.
3. "Оқшауланды" мәртебесі жеке шотқа егер жеке шот осы Қағиданың 30-бабына сәйкес оқшауланған жағдайда беріледі.

"Оқшауланды" мәртебесі жеке шотты осы Қағиданың 32-бабына сәйкес жеке шотты оқшаулаудан шығарған кезде алынады.
4. Депоненттің жеке шотына "оқшауланды" мәртебесін беру бір уақытта осы шотта ашылған барлық қосалқы шотқа "оқшауланды" мәртебесін беруді білдіреді.

Жеке шоттан "оқшауланды" мәртебесін алу бір уақытта осы шотта ашылған барлық қосалқы шоттан "оқшауланды" мәртебесін алуды білдіреді.

5. Жеке шоттар мәртебелерін Орталық депозитарий береді, алмастырады және алады.

11-бап. Жеке шоттар белгілері. Жалпы ережелер

1. Жеке шоттарға осы параграфта белгіленген белгілер берілуі мүмкін.
2. Жеке шоттар белгілері өзара алмасымды және жеке болып бөлінеді. Өзара алмасымды белгілерден айырмашылығы жеке шоттың жеке белгілері бір біріне байланысты емес және біріншісінен екіншісі ауыстырылмайды.
Жеке шотта бір өзара алмасымды белгі және бір уақытта бірнеше жеке белгілер болады.
3. Жеке шоттар белгілерін Орталық депозитарий береді, ауыстырады және алады.

12-бап. Жеке шоттар белгілері. Өзара алмасымды белгілер

[Кейінге сақталған].

13-бап. Жеке шоттар белгілері. "Табылмаған клиент" жеке белгісі

1. "Табылмаған клиент" белгісі депоненттің жеке шотына, егер осы шотта аталған депонент клиентінің атына ашылған барлық қосалқы шоттарға осы Қағиданың 22-бабына сәйкес "табылмаған клиент" белгісі берілген жағдайда беріледі.
2. "Табылмаған клиент" белгісі егер осы шотта аталған депонент клиентінің атына ашылған бір қосалқы шоттан осы Қағиданың 22-бабына сәйкес "табылмаған клиент" белгісі алынса, депоненттің жеке шотынан автоматты алынады.

14-бап. Жеке шоттар бөлімдері

1. Орталық депозитарий жеке шоттарда жеке шоттарда есептелетін құралдармен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді (осы баптың 2-тармағынла белгілендерді қоспағанда) жасауға шектеулердің болуына және сипатына байланысты бөлімдерді бөліп көрсетеді.
2. Депоненттің жеке шотында бөлімдер бөліп көрсетілмейді.
3. Жеке шот бөлімдерінің тізбесі мен сипаттамасы осы Қағидаға 1-қосымшада берілген.

15-бап. Жеке шоттардың кейбір түрлеріндегі және жеке шоттардың кейбір бөлімдеріндегі құралдарды есепке алу бойынша шектеулер

1. Мемлекеттік бағалы қағаздар тек депоненттердің жеке шоттарында ғана есептеледі (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгендерді қоспағанда).
Жеке тұлғалар арасында орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздар жеке тұлғалардың атына ашылған ұстаушылардың жеке шоттарында ғана есептеледі.
2. Қазақстан Республикасынан басқа өзге мемлекеттер заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар тек депоненттердің жеке шоттарында ғана есептеледі.
3. ЖШС-дағы талап құқығы мен үлестерді жеке шоттардың кейбір бөлімдеріне есепке алу бойынша шектеулер осы Қағидаға 1-қосымшада сипатталған.

16-бап. Жеке шоттардың нөмірлері

1. Жеке шот нөмірі он символдың тізбегін білдіреді, олар ретінде араб цифрлары және латын әліпбиінің үлкен әріптері пайдаланылады (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгендерді қоспағанда).
Депоненттің жеке шотының нөмірі бес символдың тізбегі білдіреді, олар ретінде араб цифрлары пайдаланылады.
2. Жеке шот нөмірі бірегей болып табылады.
3. Орталық депозитарий жеке шот нөмірін Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген тәртіппен береді.

§ 2. Қосалқы шоттар

17-бап. Жалпы ережелер

1. Орталық депозитарий қосалқы шотты тек депоненттердің жеке шоттарына ғана ашады.
Қосалқы шот депонентке және оның клиенттеріне тиесілі құралдардың есебін бөлек жүргізуге арналған.
2. Депоненттің жеке шотында ашылуы мүмкін қосалқы шоттар түрінің сипаттамасы мен тізбесі осы Қағидаға 2-қосымшада берілген.
3. Анонимді қосалқы шоттарды, сондай-ақ қосалқы шоттарды ойдан шығарылған есімдерге ашуға тыйым салынады.
4. Депоненттің жеке шотында депоненттің өзінің атына үш қосалқы шот ашылады:
 - 1) депоненттің қосалқы шоты;

- 2) жарияланған құралдарды есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты;
 - 3) сатып алынған құралдарды есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты.
5. Депоненттің жеке шотында депонент клиенттеріне атына қосалқы шоттардың шектеусіз саны ашылуы мүмкін (осы тармақтың екінші абзацында белгіленгендерді қоспағанда және осы баптың 6-тармағында қарастырылған ерекшеліктерді ескере отырып).
- Тек дилерлік қызметті жүзеге асыратын (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензия негізінде немесе лицензиясыз) заңды тұлғаның атына ашылған депоненттің жеке шотында тек осы баптың 4-тармағында көзделген қосалқы шот қана ашылады.
6. Номиналдық ұстаушылардың қосалқы шоттарын ашуға депоненттердің жеке шоттарында осы Қағидаға 2-қосымшада сипатталған шектеулер қолданылады.

18-бап. Қосалқы шоттардың мәртебелері

1. Қосалқы шоттарға "ашылды", "жабылды", "оқшауланған" мәртебелері беріледі.
2. Қосалқы шоттардың "ашылды" және "жабылды" мәртебелері өзара алмасымды болып табылады. "Ашылды" мәртебесі қосалқы шотқа оны жеке шотта ақан кезде беріледі. "Жабылды" мәртебесі қосалқы шотқа жеке шоттағы қосалқы шотты жапқан кезде "ашылды" мәртебесінің орнына беріледі.
3. "Оқшауланған" мәртебесі қосалқы шотқа егер қосалқы шот осы Қағиданың 39-бабына сәйкес оқшауланған жағдайда беріледі.
"Оқшауланған" мәртебесі қосалқы шотты осы Қағиданың 41-бабына сәйкес оқшаулаудан шығарған кезде алынады.
4. Қосалқы шоттар мәртебелерін Орталық депозитарий береді, ауыстырады және алады.

19-бап. Қосалқы шоттардың белгілері. Жалпы ережелер

1. Қосалқы шоттарға осы параграфта анықталған белгілер белгілер беріледі.
2. Қосалқы шоттар белгілері өзара алмасымды және жеке болып бөлінеді. Өзара алмасымды белгілерден айырмашылығы жеке белгілер бір біріне байланысты емес және бірінен екіншісіне ауыстырылмайды.
Қосалқы шотта өзара алмасымды белгілердің біреуі және бір уақытта бірнеше жеке белгілер болады.

3. Қосалқы шоттар белгілерін Орталық депозитарий береді, ауыстырады және алады.

20-бап. Қосалқы шоттардың белгілері. "Кастодиалдық", "брокерлік", "жалпы" өзара алмасымды белгілер

1. Қаржы нарығында қызметтің өзге үрлерін жүзеге асырумен кастодиалдық қызметті жүзеге асыруды қоса атқаратын банк болып табылатын депоненттің жеке шотында ашылған қосалқы шотқа төмендегі өзара алмасымды белгілердің бірі беріледі:
 - 1) "кастодиалдық";
 - 2) "брокерлік";
 - 3) "жалпы".
2. Қосалқы шотқа "кастодиалдық" немесе "брокерлік" немесе "жалпы" белгілерін беру үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен осы қосалқы шотты ашуға немесе оның деректемелерін өзгертуге алған бұйрық болып табылады.
3. "Кастодиалдық", "брокерлік", "жалпы" белгілері бір біріне өзгертіле алады.

Көзделген белгілердің бірін басқасына ауыстыру үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен осы қосалқы шоттың деректемелерін өзгертуге алған бұйрық болып табылады.

21-бап. Қосалқы шоттардың белгілері. "Сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" жеке белгісі

1. Қосалқы шотқа осы қосалқы шот бойынша осы Қағидаға сәйкес ұйымдастырылған қаржы нарығында жасалған мәмілелерді операцияларды, оқиғаларды (жүзеге асырылған, өткен) тіркеуге рұқсат етуді білдіретін "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі берілуі мүмкін.
2. Қосалқы шотқа "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісін беру үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен осы қосалқы шотты ашуға немесе оның деректемелерін өзгертуге алған бұйрық болып табылады.

Сонымен қатар Орталық депозитарий қосалқы шотқа депонент немесе бір уақытта бірнеше депоненттер қайта ұйымдастырылған кезде қосалқы шоттар ашу шегінде "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісін дербес береді.
3. "Сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі қосалқы шоттан Орталық депозитарийдің сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушыдан осындай алу мүмкіндігін растайтын хабарлама алу шартымен Орталық депозитарий депоненттер осы қосалқы шоттың деректемелерін өзгертуге алған бұйрық негізінде алынады.

22-бап. Қосалқы шоттардың белгілері. "Табылмаған клиент" жеке белгісі

1. Қосалқы шотқа оның атына осы қосалқы шот ашылған, аталған депонентке номиналды ұстаушы ретінде осы депонентке клиенттер шотын жүргізу құқығын қарастыратын бұрын берілген лицензияның қолданылуы тоқтаған жағдайда, осы қосалқы шотта есептелетін құралдарды есептен шығаруға бұйрық бермеген депонент клиентін білдіретін "табылмаған клиент" белгісін берілуі мүмкін.
2. Қосалқы шотқа "табылмаған клиент" белгісін беру үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен осы қосалқы шоттың деректемелерін өзгертуге алған бұйрық болып табылады.
3. "Табылмаған клиент" белгісі қосалқы шоттан Орталық депозитарий депоненттен осы қосалқы шоттың деректемелерін өзгертуге алған бұйрық негізінде алынады.

23-бап. Қосалқы шоттардың бөлімдері

1. Орталық депозитарий қосалқы шоттарда қосалқы шоттарда есептелетін құралдармен жасалған азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға шектеулердің болуы мен сипатына байланысты бөлімдерді бөліп көрсетеді.
2. Қосалқы шот бөлімдерінің тізбесі мен сипаттамасы осы Қағидаға 3-қосымшада берілген.

24-бап. Қосалқы шоттардың кейбір түрлеріндегі және қосалқы шоттардың кейбір бөлімдеріндегі құралдарды есепке алу бойынша шектеулер

ЖШС-дағы талап құқығы мен үлестерді қосалқы шоттардың кейбір бөлімдеріне есепке алу бойынша шектеулер осы Қағидаға 3-қосымшада сипатталған.

25-бап. Қосалқы шоттардың нөмірлері

1. Қосалқы шот нөмірі он символ тізбегін білдіреді, олар ретінде араб цифрлары және латын әліпбиінің үлкен әріптері пайдаланылады.
Қосалқы шот нөмірінің алғашқы бес символы онда ашылған осы қосалқы шоттың жеке шотының нөмірін қайталайды. Қосалқы шот нөмірінің келесі бес символы қосалқы шоттың меншікті нөмірі болып табылады (осы баптың 2-тармағында белгіленгендерді қоспағанда).
2. Депоненттің қосалқы шотының меншікті нөмірі бес символ тізбегін білдіреді, олар ретінде тек нөлдер ("00000") пайдаланылады.
3. Қосалқы шот нөмірі бірегей болуы тиіс.
4. Қосалқы шот нөмірі осы баптың нормаларын ескере отырып, аталған депонентке анықталған міндетті тәртіппен оның жеке шотында осы қосалқы шот ашылған депонентке беріледі.

3-тарау. ЖЕКЕ ШОТТАР МЕН ҚОСАЛҚЫ ШОТТАРДЫ АШУ, ОҚШАУЛАУ ЖӘНЕ ЖАБУ, ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

§ 1. Жеке шоттарды ашу, оқшаулау және жабу, олардың деректерін өзгерту тәртібі

26-бап. Жалпы ережелер

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамсында және осы параграфта өзге ештеңе белгіленбесе, жеке шоттарды ашуды, оқшаулауды, жабуды, олардың деректемелерін өзгертуді жеке шоттар иелерінің бұйрықтары негізінде Орталық депозитарий жүзеге асырады.

Жеке шоттарды ашу, оқшаулау, жабу, олардың деректемелерін өзгерту үшін негіздеме ретінде Орталық депозитарий алған жеке шоттар иелерінің бұйрықтарынан басқа өзге құжаттар оларды Орталық депозитарийдің осы құжаттарға қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігіне тексеруіне жатады.

Орталық депозитарий тексерілген құжаттардың түпнұсқалығына немесе тексерілген құжатқа сәйкес іс-әрекеттерді орындау ықтималдығына күмән туындаған кезде Орталық депозитарий Басқармасының ұқсас жағдайлар үшін анықталған рәсімдеріне сәйкес қажетті шараларды қабылдайды.

2. Жеке шотты ашуға бұйрық Орталық депозитарийге тек қағаз нұсқада түпнұсқа түрінде беріледі.
3. Жеке шот егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынса, ашылмайды немесе жабылмайды.
4. Ұстаушының жеке шоты тек осы шотқа есептелетін немесе осы шот иесінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы шотқа есептелуі мүмкін құралдар болмаған кезде ғана жабылады.
5. Депоненттің жеке шоты тек осы шоттың қосалқы шотына есептелетін немесе осы шотта ашылған қосалқы шот иесінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы шоттың қосалқы шотына есептелуі мүмкін құралдар болмаған кезде ғана жабылады.
6. Депоненттің жеке шотын жабуға бұйрық бір мезгілде осы шотта ашылған барлық қосалқы шоттарды жабуға бұйрық болып табылады.

27-бап. Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме

Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабында қарастырылған жалпы негіздемелерден басқа кез келген төмендегі негіздемелер бойынша жеке шотты ашуға немесе жеке шот деректемелерін өзгертуге немесе жеке шотты жабуға бұйрықты орындаудан бас тартады:

- 1) жеке шотты ашуға бұйрықты қағаз нұсқада түпнұсқа түрінде бермеу;
- 2) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінің деректері мен жеке шот деректемелерін өзгерту бұйрығында мазмұндалған және өзгертуге жатпайтын жеке шот деректемелеріне жататын мәліметтер арасында қайшылықтар болғанда;
- 3) жеке шотты жабу бұйрығына сәйкес жабуға болжанған ұстаушының есеп шотына есептелетін немесе осы шот иесінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы шотқа есептелуі мүмкін құралдар болғанда;
- 4) жеке шотты жабу бұйрығына сәйкес жабуға болжанған депоненттің жеке шотының қосалқы шоттарына есептелетін немесе осы шотта ашылған қосалқы шоттар иелерінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы шотқа есептелуі мүмкін құралдар болғанда.

28-бап. Жеке шотты ашу тәртібі

1. Жеке шотты ашу үшін негіздеме Орталық депозитарий оның атына жеке шотты ашуға осы шотты ашу қажет болған тұлғадан алған бұйрық болып табылады (осы баптың 2-тармағында белгіленгендерді қоспағанда).
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің атына жеке шоттарды ашу үшін негіздеме Орталық депозитарий алған төмендегідей құжаттар мен мәліметтер болып табылады:
 - 1) Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Іскерлік қатынастар орнату, қолдау мен тоқтату қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитариймен іскерлік қатынастар орнату мен қолдау мақсатында осы эмитент берген құжаттар;
 - 2) уәкілетті орган берген және оның эмитенті осы эмитент болып табылатын бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге жататын құжаттар;
 - 3) оның эмитенті осы эмитент болып табылатын бағалы қағаздарға ISIN кодын, CFI кодын және FISN кодын беру мақсаты үшін уәкілетті орган берген мәліметтер.

3. Орталық депозитарий жеке шотты ашу бұйрығын Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.
4. Егер жеке шот осы баптың 2-тармағында көзделген құжаттар негізінде ашылса, Орталық депозитарий оның атына осы шот ашылған эмитентке осы шотты ашу туралы Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен хабарлайды.

29-бап. Жеке шоттың деректемелерін өзгерту тәртібі

1. Жеке шоттың деректемелерін өзгерту үшін негіздеме Орталық депозитарий жеке шот деректемелерін өзгертуге осы шот иесінен алған бұйрық болып табылады.
2. Орталық депозитарий жеке шоттың деректемелерін өзгертуге бұйрықты оны Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қарайды.

30-бап. Жеке шотты оқшаулау тәртібі

1. Жеке шотты оқшаулау осындай оқшаулау уақытының ішінде осы шот бойынша мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге уақытша тыйымды білдіреді (осы Қағиданың 31-бабында қарастырылған мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды қоспағанда).

Депоненттің жеке шотын оқшаулау кезінде осы шотта ашылған барлық қосалқы шот оқшауланады.

Егер жеке шотты оқшаулау туралы шешімде өзге ештеңе белгіленбесе, жеке шотты оқшаулау құралдарды ұстаушылар тізімін жасауға әсер етпейді.

2. Жеке шотты оқшаулау үшін негіздеме Орталық депозитарий осы шотты оқшаулау туралы өкілетті тұлғадан алған шешім болып табылады.

Аталған шешімде көрсетілген қорытындыға қарамастан, Орталық депозитарий оны, егер жеке шот бойынша мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуге аталған шешімге сәйкес уақытша тыйым салынса, жеке шотты оқшаулау туралы шешім ретінде қарастырады.

3. Жеке шотты оқшаулаған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий оның атына осы шот ашылған тұлғаға осындай оқшаулау туралы Орталық депозитарийге қолжетімді әдіспен хабарлайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий оның шешімінің негізінде осындай оқшаулау жүзеге асырылған өкілетті тұлғаға осындай оқшаулау туралы хабарлайды.

31-бап. Оқшауланған жеке шот бойынша тіркеуге рұқсат етілген мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Жеке шотты оқшаулаған кезде осы шот бойынша келесідей мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге рұқсат етіледі (осындай тіркеуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды, шектеулер мен ерекше шарттарды сақтаумен):
 - 1) оны тіркеу оның негізінде осы шот оқшауланған шешіммен рұқсат етілген мәмілелер мен операциялар;
 - 2) бір атаудағы барлық құралдарға қатысты мәмілелер, операциялар, оқиғалар;
 - 3) автоматты репоны жабу мәмілелері;
 - 4) автоматты репоны жабу мәмілелері бойынша міндеттемені орындамау;
 - 5) құралдарды өкілетті тұлғаның шешіміне сәйкес аудару;
 - 6) құралдарды өкілетті тұлғалардың шешімі негізінде оқшаулау мен оқшаулаудан шығару.
2. Бұрын депонентке берілген лицензияның қолданылуын тоқтату немесе қысқарту туралы және номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығын қарастыратын уәкілетті органның шешімі негізінде депоненттің жеке шотын оқшаулаған кезде осы баптың 1-тармағында көзделген мәмілелерге, операциялар мен оқиғаларға толықтыру ретінде осы шот бойынша келесідей мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге рұқсат етіледі (осындай тіркеуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды шектеулер мен ерекше шарттарды сақтаумен):
 - 1) құралдарды басқа депоненттің номиналды ұстаушына аудару;
 - 2) құралдарды осы құралдарға меншік құқығының көшуінсіз ұстаушының жеке шотына аудару;
 - 3) құралдарды Орталық депозитарийдің номиналды ұстаушынан шығару.

32-бап. Жеке шотты оқшаулаудан шығару тәртібі

1. Жеке шотты оқшаулаудан шығару үшін негіздеме Орталық депозитарий алған (алынған) төмендегілер болып табылады:
 - 1) оның шешімінің негізінде осы жеке шот бұрын оқшауланған өкілетті тұлғаның шешімі;
 - 2) соттың шешімі немесе өзге сот актісі.

2. Жеке шотты оқшаулаудан шығарған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий оның атына осы есеп ашылған тұлғаға Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен осындай оқшаулаудан шығару туралы хабарлайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий оның шешімінің негізінде осындай оқшаулаудан шығару жүзеге асырылған өкілетті тұлғаға жеке шотты оқшаулаудан шығару туралы хабарлайды.

33-бап. Жеке шотты жабу тәртібі

1. Жеке шотты жабу үшін негіздеме Орталық депозитарий жеке шотты жабуға осы шот иесінен алған бұйрық немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке шотты жабу үшін негіз болып табылатын өзге құжат болып табылады.

Жеке шотты жабу кезінде бір мезгілде осы шотта ашылған барлық қосалқы шот та жабылады.

2. Орталық депозитарий жеке шотты жабуға бұйрықты немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке шотты жабу үшін негіз болып табылатын өзге құжатты Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

§ 2. Қосалқы шоттарды ашу, оқшаулау және жабу, олардың деректерін өзгерту тәртібі

34-бап. Осы параграфтың қолданылу саласын шектеу

Осы баптың нормалары депонентті немесе бірнеше депоненттерді бір мезгілде қайта ұйымдастырған кезде ашылатын және жабылатын қосалқы шотқа таратылмайды.

Депонентті немесе бірнеше депоненттерді бір мезгілде қайта ұйымдастырған кезде қосалқы шоттарды ашу және жабу тәртібі осы Қағиданың ерекше бөлімімен белгіленген.

35-бап. Жалпы ережелер

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы параграфта өзге ештеңе белгіленбесе, қосалқы шоттарды ашуды, оқшаулауды, жабуды, олардың деректемелерін өзгертуді Орталық депозитарий депоненттердің бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Орталық депозитарий қосалқы шоттарды ашу, оқшаулау, жабу, олардың деректемелерін өзгерту үшін негіздеме ретінде депоненттерден алған бұйрықтардан басқа өзге құжаттар Орталық депозитарийдің оларды осындай құжаттарға қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларына сәйкестігіне тексеруге жатады.

Орталық депозитарий тексерілген құжаттардың түпнұсқалығына немесе тексерілген құжатқа сәйкес іс-әрекеттерді орындау ықтималдығына күмән туындаған кезде Орталық депозитарий Басқармасының ұқсас жағдайлар үшін анықталған рәсімдеріне сәйкес қажетті шараларды қабылдайды.

2. Оған бұрын берілген номиналдық ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығын қарастыратын лицензияның қолданылуы тоқтаған депонент Орталық депозитарийге қосалқы шотқа берілуі немесе қосалқы шоттан алынуы тиіс "табылмаған клиент" белгісіне сәйкес қосалқы шот деректемелерін өзгертуге бұйрықты қоспағанда, қосалқы шотты ашуға, қосалқы шот деректемелерін өзгертуге, қосалқы шотты жабуға бұйрық беруге құқылы емес.
3. Оған сәйкес қосалқы шоттан оған бұрын берілген "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі алынуы тиіс қосалқы шот деректемелерін өзгертуге бұйрықты Орталық депозитарий тек сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушыдан осындай алу мүмкіндігін растайтын хабарлама алу шартымен ғана орындайды.
4. Қосалқы шот тек осы қосалқы шотқа есептелетін немесе осы қосалқы шот иесінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы қосалқы шотқа есептелетін құралдар болмаған кезде ғана жабылуы мүмкін.

36-бап. Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме

Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабында қарастырылған жалпы негіздемелерден басқа төмендегідей негіздемелердің кез келгені бойынша қосалқы шотты ашуға немесе қосалқы шот деректемелерін өзгертуге немесе қосалқы шотты жабуға бұйрықты орындаудан бас тартады:

- 1) Орталық депозитарийдің есепке алу деректері мен қосалқы шот деректемелерін өзгерту бұйрығындағы және өзгертуге жатпайтын қосалқы шот деректемелеріне жататын мәліметтер арасында қайшылықтар болғанда;
- 2) Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыдан қосалқы шот деректемелерін өзгерту бұйрығына сәйкес қосалқы шоттан оған бұрын берілген "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісін алу мүмкіндігін растайтын хабарламаны алмағанда;
- 3) қосалқы шотты жабу бұйрығына сәйкес жабуға болжанған қосалқы шотта есептелетін немесе осы қосалқы шот иесінің немесе басқа тұлғаның бар міндеттемесін орындау немесе орындамау нәтижесінде осы қосалқы шотқа есептелуі мүмкін құралдар болғанда.

37-бап. Қосалқы шотты ашу тәртібі

1. Қосалқы шотты ашу үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен алған жеке шоттағы қосалқы шотты ашуға осы қосалқы шотты ашу қажет болған бұйрық болып табылады.
2. Орталық депозитарий қосалқы шотты ашуға бұйрықты оны Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

38-бап. Қосалқы шоттың деректемелерін өзгерту тәртібі

1. Қосалқы шот деректемелерін өзгерту үшін негіздеме Орталық депозитарий депоненттен алған қосалқы шот деректемелерін өзгертуге осы қосалқы шот ашылған жеке шоттағы бұйрық болып табылады.
2. Орталық депозитарий қосалқы шот деректемелерін өзгерту бұйрығын Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.

39-бап. Қосалқы шотты оқшаулау тәртібі

1. Қосалқы шотты оқшаулау осы қосалқы шот бойынша осындай оқшаулау уақытының ішінде (осы Қағиданың 40-бабында тізбеленген мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды қоспағанда) мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге уақытша тыйымды білдіреді.

Егер қосалқы шотты оқшаулау туралы шешіммен өзге ештеңе көзделмесе, қосалқы шотты оқшаулау құралдарды ұстаушылар тізімін жасауға әсер етпейді.

2. Қосалқы шотты оқшаулау үшін негіздеме Орталық депозитарий уәкілетті тұлғадан алған осы қосалқы шотты оқшаулау туралы шешім болып табылады.

Аталған шешімде айтылған сөздерге қарамастан, Орталық депозитарий, егер осы шешімге сәйкес қосалқы шот бойынша мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге уақытша тыйым салынса, оны қосалқы шотты оқшаулау туралы шешім ретінде қарайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий осы қосалқы шот ашылған жеке шоттағы депонент берген қосалқы шотты оқшаулауға бұйрық негізінде қосалқы шотты оқшаулайды.

3. Орталық депозитарий қосалқы шотты оқшаулаған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей осы қосалқы шот ашылған жеке шоттағы депонентті осындай оқшаулау туралы Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен хабарлайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий осындай оқшаулау жүзеге асырылған шешім негізінде уәкілетті тұлғаны осындай оқшаулау туралы хабарлайды.

4. Егер қосалқы шотта "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі болған жағдайда, Орталық депозитарий сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушыға осындай оқшаулау күнінің ішінде осындай қосалқы шотты оқшаулау туралы хабарлайды.

40-бап. Оқшауланған қосалқы шот бойынша тіркеуге рұқсат етілген мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Қосалқы шотты оқшаулаған кезде осы қосалқы шот бойынша келесідей мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге рұқсат етіледі (осындай тіркеуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды, шектеулер мен ерекше шарттарды сақтаумен):

- 1) оларды тіркеуге оның негізінде осы қосалқы шот оқшауланған шешіммен рұқсат етілген мәмілелер мен операциялар;
- 2) бір атаудағы барлық құралдарға қатысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар;
- 3) автоматты репоны жабу мәмілелері;
- 4) автоматты репоны жабу мәмілелері бойынша міндеттемені орындамау;
- 5) уәкілетті тұлғалардың шешімдеріне сәйкес құралдарды аудару;
- 6) уәкілетті тұлғалар шешімдерінің негізінде құралдарды оқшаулау және оқшаулаудан шығару.

2. Бұрын аталған депонентке берілген лицензияның қолданылуын тоқтату немесе қысқарту туралы және номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шотын жүргізу құқығын қарастыратын уәкілетті органның шешімі негізінде депоненттің жеке шотын оқшаулау шегінде қосалқы шотты оқшаулау кезінде осы баптың 1-тармағында көзделген мәмілелерге, операциялар мен оқиғаларға толықтыру ретінде осы қосалқы шот бойынша келесідей мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуге рұқсат етіледі (осындай тіркеуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды, шектеулер мен ерекше шарттарды сақтаумен):

- 1) құралдарды басқа депоненттің номиналды ұстаушына аудару;
- 2) құралдарды осы құралдарға меншік құқығының көшуінсіз ұстаушының жеке шотына аудару;

- 3) құралдарды Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан шығару.

41-бап. Қосалқы шотты оқшаулаудан шығару тәртібі

1. Қосалқы шотты оқшаулаудан шығару үшін негіздеме Орталық депозитарий алатын (алған) төмендегілер болып табылады:
 - 1) оның негізінде осы қосалқы шот бұрын оқшауланған шешім негізінде сол уәкілетті тұлғаның шешімі;
 - 2) осы қосалқы шот бұрын оқшауланған қосалқы шотты оқшаулау бұйрығының негізінде депоненттің қосалқы шотты оқшаулаудан шығару бұйрығы;
 - 3) сот шешімі немесе өзге сот актісі.
2. Қосалқы шотты оқшаулаудан шығарған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий оның жеке шотында осы қосалқы шот ашылған депонентті осындай оқшаулаудан шығару туралы Орталық депозитарийге қолжетімді кез келген әдіспен хабарлайды.

Сонымен қатар Орталық депозитарий оның шешімінің негізінде осындай оқшаулаудан шығару жүзеге асырылған өкілетті тұлғаның қосалқы шотын осындай оқшаулаудан шығару туралы хабарлайды.
3. Егер қосалқы шотта "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі болған жағдайда, Орталық депозитарий сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушыға осындай оқшаулаудан шығару күні ішінде осындай қосалқы шотты оқшаулаудан шығару туралы хабарлайды.

42-бап. Қосалқы шотты жабу тәртібі

1. Қосалқы шотты жабу үшін негіздеме Орталық депозитарий алған қосалқы шотты жабуға оған осы қосалқы шот ашылған жеке шоттағы депонент бұйрығы болып табылады (осы тармақтың екінші абзацында қарастырылғандарды қоспағанда).

Орталық депозитарий қосалқы шотты Орталық депозитарий мен оның жеке шотына осы қосалқы шот ашылған депонент арасындағы іскерлік қатынастар кезінде, сондай-ақ осы қосалқы шот ашылған жеке шотты жапқан кезде қосалқы шотты жабуға жеке бұйрық беру қажеттілігінсіз әдепкі қалып бойынша қосалқы шотты жабады.
2. Орталық депозитарий қосалқы шотты жабуға бұйрықты оны Орталық депозитарий қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде қарайды.
3. Егер қосалқы шотта "сауда-саттыққа қатысушылар қосалқы шоты" белгісі болса, Орталық депозитарий сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушыға осындай жабу күні ішінде осы қосалқы шотты жабу туралы хабарлайды.

4-тарау. ҚҰРАЛДАРДЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ДЕПОЗИТАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

43-бап. Жалпы ережелер

1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы тарауда өзге ештеңе белгіленбесе, құралдарды тіркеу және депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдауды Орталық депозитарий эмитенттердің немесе депоненттердің өтініштері негізінде жүзеге асырады.
2. Орталық депозитарий құралдарды тіркеу және депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау үшін негіздеме ретінде эмитенттер мен депоненттерден алған өтініштерден басқа өзге құжаттар Орталық депозитарийдің олардың осындай құжаттарға қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкестігіне тексеруіне жатады.

Тексерілген құжаттың түпнұсқалығына немесе тексерілген құжатқа сәйкес әрекеттерді орындау мүмкіндігіне күмән туындаған кезде Орталық депозитарий Орталық депозитарий Басқармасындағы ұқсас жағдайлар үшін анықталған рәсімдерге сәйкес қажетті шараларды қабылдайды.

3. Жаңа атаудағы құралдарды қызмет көрсетуге қабылдаған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей Орталық депозитарий өзінің интернет-сайында осындай қабылдау туралы жаңалықты жариялайды.

Бұл ретте Орталық депозитарий бір мезгілде қажет кезде аталған атаудағы құралдарға қолданылатын есепке алу ұйымдарының тарифтерін жариялайды.

44-бап. Орталық депозитарийдің өтінішті орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме

Орталық депозитарий құралдарды тіркеу немесе депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдауға өтінішті осы Қағиданың 8-бабында қарастырылған жалпы негіздемелерден басқа кез келген келесідей негіздемелер бойынша орындаудан бас тартады:

- 1) құралдардың Қағидалар жинағына кіретін "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ қағидалар жинағына кіріспе" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында белгіленген критерийлерге сәйкессіздігі;
- 2) құралдарды құжаттамалық түрде шығару;
- 3) ЖШС-дағы үлестер болып табылмайтын құралдарды оларды өлшеудің заттай бірлігінде (данада) есепке алудың мүмкін еместігі;

- 4) Орталық депозитарийдің атына ашылған Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсетуіне болжанған құралдарды есепке алуға болатын есепке алу ұйымдарында номиналдық ұстаудағы шоттардың болмауы;
- 5) Орталық депозитарийдің атына ашылған Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсетуіне болжанған құралдар бойынша сыйақы төлеу валютасындағы және осы құралдарды өтеу валютасындағы ақшаны есепке алуға болатын қызмет көрсетуші банктерде ақшалай шоттардың болмауы.

§ 1. ЖШС-дағы бағалы қағаздар мен үлестерді тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау

45-бап. Мемлекеттік бағалы қағаздарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі

1. Ұлттық Банк шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар Орталық депозитарийде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағына кіретін "Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатында белгіленген тәртіппен тіркеу қызметін көрсетуге қабылданады.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар Орталық депозитарийде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағына кіретін "Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерін жүргізу қағидасы" және "Мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерге қызмет көрсету және өтеу қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тіркеу қызметін көрсетуге қабылданады.
3. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар Орталық депозитарийде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидалар жинағына кіретін "Мемлекеттік бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу қағидасы" және "Депозитарлық және муниципалдық облигацияларға қатысты өзге қызметтерді жүзеге асыру қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тіркеу қызметін көрсетуге қабылданады.

46-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі

1. Орталық депозитарийдің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған мемлекеттік емес бағалы қағаздарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау үшін негіздеме Орталық депозитарий алған келесідей құжаттар мен мәліметтер болып табылады:
 - 1) Қағидалар жинағына кіретін "Іскерлік қатынастар орнату, қолдау мен тоқтату қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитариймен іскерлік қатынастар орнату мен қолдау мақсатында осы бағалы қағаздарды берген эмитенттің құжаттары;
 - 2) уәкілетті орган берген және осы бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге жататын құжаттар;
 - 3) осы бағалы қағаздарға ISIN кодын, CFI кодын және FISN кодын беру мақсаты үшін уәкілетті орган берген мәліметтер.
2. Қазақстанның депозитарлық қолхаттарын тіркеу қызметіне қабылдау ерекшеліктері осы Қағиданың 47-бабында белгіленген.

47-бап. Қазақстан депозитарлық қолхаттарын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау ерекшеліктері

1. Осы баптың мақсаты үшін ҚДҚ эмитентінің қосалқы шотына ҚДҚ эмитентінің жеке шотында ашылған депоненттің қосалқы шоты түсініледі.
2. ҚДҚ базалық активі болып табылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздар ҚДҚ эмитентінің "базалық актив" қосалқы шотына есепке алуға жатады.
3. ҚДҚ базалық активі болып табылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздар ҚДҚ шығарылымын мемлекеттік тіркегенге дейін оның қосалқы шотының "базалық актив" бөліміндегі ҚДҚ эмитентіне есептелуі және ҚДҚ айналымының бүкіл мерзімінің ішінде осы бөлімге есептелуі тиіс (осы баптың 4 және 5-тармақтарында қарастырылғандарды қоспағанда).
4. ҚДҚ базалық активі болып табылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздарды оның қосалқы шотының "базалық актив" бөлімінен ҚДҚ эмитентіне көшіріп жазылуы және уәкілетті орган ҚДҚ шығарылымын мемлекеттік тіркеуден бас тартқан жағдайда, сол қосалқы шоттың "негізгі" бөліміне есептелуі мүмкін.
5. ҚДҚ айналымы мерзімінің ішінде ҚДҚ базалық активі болып табылатын мемлекеттік емес бағалы қағаздар төмендегідей жағдайда ҚДҚ эмитентінің қосалқы шотының "базалық актив" бөлімінен есептен алынады:
 - 1) ҚДҚ-ны осы бағалы қағаздарға айырбастау;

- 2) осы Қағиданың ерекше бөліміне сәйкес осы бағалы қағаздарды оқшаулау.

48-бап. ЖШС-дағы үлестерді тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі

1. Орталық депозитарийдің ЖШС-дағы үлестерді тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау үшін негіздеме Орталық депозитарий осы ЖШС-дан алған құралдарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау өтініші болып табылады.
2. Орталық депозитарий құралдарды тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау өтінішін Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

§ 2. Талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау

49-бап. Талап ету құқығының туындау фактісін азаматтық құқық объектілері ретінде белгілеу

1. Осы параграфтың мақсаты үшін:
 - 1) құралдарға құралдар, Орталық депозитарий жүргізетін (жүргізген) және олардың айналыс мерзімі аяқталған ұстаушылар тізілімі түсініледі;
 - 2) эмитентке құралдар эмитенті түсініледі.
2. Егер оларды шығару проспектісінде белгіленген құралдарды өтеу кезеңі аяқталғаннан кейін үш жұмыс күнінің ішінде Орталық депозитарий эмитенттен осы құралдарды өтеу бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағанын растайтын хабарлама алмаған жағдайда, Орталық депозитарий эмитентке көзделген хабарламаны беру туралы сұрату жібереді.
3. Талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау мақсаты үшін Орталық депозитарий кез келген төмендегі оқиғаны азаматтық құқық объектілеріндей талап ету құқығының туындауының белгіленген фактісі ретінде қарайды:
 - 1) осы баптың 2-тармағында көзделген сұратуды жіберген күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде Орталық депозитарий оған сәйкес құралдарды өтеу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамағанын мойындайтын эмитент хабарламасын алғанда;
 - 2) осы баптың 2-тармағында көзделген сұратуды жіберген күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде Орталық депозитарий сұратылған хабарламаны не осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген хабарламаны алмағанда.

50-бап. Талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау тәртібі

1. Орталық депозитарийдің талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге қабылдау үшін негіздеме осы талап ету құқығының Орталық депозитарий осы Қағиданың 49-бабына сәйкес азаматтық құқық объектілері ретінде осы талап ету құқығының туындау фактісі болып табылады.
2. Орталық депозитарий талап ету құқығын тіркеу қызметін көрсетуге келесідей әрекеттерді жүйелі орындау арқылы қабылдайды:
 - 1) талап ету құқығына Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Сәйкестіндіру нөмірін беру қағидасы" Орталық депозитарийдің ішкі құжатына сәйкес IDR кодын береді;
 - 2) құралдарды жеке шоттардың және қосалқы шоттардың барлық бөлімдерінен есептен шығарады және талап ету құқығын тиісті есептен шығарылған құралдарға, Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген схемаға сәйкес жеке шоттар және қосалқы шоттар бөлімдеріне есепке алады (осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленгендерді қоспағанда).
3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес әрекеттерді орындаған кезде Орталық депозитарий құралдарды жеке шоттарды және қосалқы шоттарды "оқшаулау" бөлімдерінен есептен шығармайды.

Жеке шоттарды және қосалқы шоттарды "оқшаулау" бөлімдерінде есептелетін құралдар осы Қағидаға сәйкес осы құралдарды оқшаулағанға дейін оларды есептелуді жалғастырады. Одан оқшаулау алынған құралдар, ең алдымен, осы Қағидаға сәйкес сол жеке шоттардың немесе қосалқы шоттардың қалған бөлімдерінде есептеледі, содан кейін осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында аталған схемаға сәйкес осы бөлімдерден есептен алынады.
4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес әрекеттерді орындаған кезде Орталық депозитарий талап ету құқығын қосалқы шоттарға "жарияланған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің қосалқы шоты" және "сатып алынған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің қосалқы шоты" сияқты түрлерге бөлінген бөлімдерге есептемейді.

51-бап. Талап ету құқығының туындау фактісін азаматтық құқық объектілері ретінде белгілеу туралы мүдделі тұлғаларға хабарлау

1. Орталық депозитарий тіркеу қызметіне талап ету құқықтарын қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мынадай іс-әрекеттерді орындау арқылы азаматтық құқық объектілері ретінде талап ету құқықтарын туындау фактісін анықтау туралы мүдделі тұлғаларға ақпарат береді:
 - 1) өзінің интернет-сайтында құралдарды өтеу бойынша эмитент міндеттерін орындамау фактісін анықтау туралы, талап ету құқықтарына IDR кодын беру туралы жаңалықты жариялайды;

- 2) барлық депоненттерге және тиісінше сауда-саттықты ұйымдастырушыға құралдарды өтеу бойынша эмитент міндеттемесін орындамау фактісін анықтау туралы, талап ету құқықтарына IDR кодын беру туралы хабарламаны жібереді;
 - 3) жеке шоттары бойынша Орталық депозитарий осы Қағиданың 50-бабына сәйкес іс-әрекеттерді орындаған депоненттерге есептік құжаттарды жібереді;
 - 4) Орталық депозитарий осы Қағиданың 50-бабына сәйкес орындаған және оның мәні "кепілдемелік жарна" немесе "репо" бөлімдерінде есептелген құралдар болып табылатын орындаған іс-әрекеттер туралы хабарламаны тиісінше сауда-саттықты ұйымдастырушыларға жібереді;
 - 5) талап ету құқықтарына құралдарды ауыстыру қажеттілігі туралы және құралдарды өтеу бойынша эмитенттің міндеттерін орындамау фактісін анықтау туралы хабарламаны шешімдері негізінде құралдар оқшауланған өкілетті тұлғаларға жібереді.
2. Осы баптың 1-тармағында санамаланған іс-әрекеттерді Орталық депозитарий осы Қағиданың 43-бабына сәйкес өзінің интернет-сайтында жаңалықты жариялауға толықтыруды орындайды.

§ 3. Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау

52-бап. Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдауды шектеу

Орталық депозитарий:

- 1) осы құралдарды есепке алуы мүмкін есепке алу ұйымдарындағы номиналды ұстаушының шоттары;
- 2) осы құралдар бойынша сыйақыны төлеу валютасында және оны өтеу валютасында ақша есепке алынуы мүмкін қызмет көрсететін банктердегі ақша шоттарын өзінің атына ашылған кезде ғана депозитарлық қызмет көрсетуге құралдарды қабылдайды.

53-бап. Құралдарды депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдау тәртібі

1. Орталық депозитарийдің депозитарлық қызмет көрсетуге құралдарды қабылдау үшін негіздеме Орталық депозитарий алған депозитарлық қызмет көрсетуге құралдарды қабылдауға депонент өтініші болып табылады.
2. Орталық депозитарий оны қабылдаған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде депозитарлық қызмет көрсетуге құралдарды қабылдауға Орталық депозитарий өтінішті қарайды.

5-тарау. МӘМІЛЕЛЕРДІ, ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖӘНЕ ОҚИҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ НЕГІЗДЕРІ

54-бап. Жалпы ережелер

1. Тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асыру шеңберінде Орталық депозитарий мәмілені, операцияны және оқиғаны тіркейді.
2. Егер өзгесі осы тараумен белгіленбесе, мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеуді Орталық депозитарий шеке шоттар иелерінің бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Орталық депозитарийдің мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеу үшін негіздеме ретінде алған жеке шоттары иелерінің бұйрықтарынан басқа, өзге құжаттар Орталық депозитарийдің осындай ұқсас құжаттарға қолданылатын талаптарға сәйкестігін тексеруге жатады.

Тексерілген құжаттың түпнұсқа екендігіне немесе тексерілген құжатқа сәйкес іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігіне күмән туған жағдайда, Орталық депозитарий Орталық депозитарий Басқармасының осындай жағдайлар үшін анықталған рәсімдерге сәйкес қажетті шараларды қабылдайды.

3. Мәмілелерді (операцияны, оқиғаны) тіркеуді Орталық депозитарий өзінің мынадай іс-әрекеттерінің жиынтығын білдіреді:
 - 1) мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеу үшін негіздеме болып табылатын бұйрықты немесе өзге құжатты тіркеу;
 - 2) Орталық депозитарийдің осы бұйрықты (құжатты) орындаудан бас тартуы үшін негіздемелерінің болуына мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеу үшін негіздеме болып табылатын бұйрықты немесе өзге құжатты тексеру;
 - 3) (мәмілені (операцияны, оқиғаны)) тіркеу үшін негіздеме болып табылатын бұйрықты немесе өзге құжатты орындаудан Орталық депозитарийдің бас тартуы үшін негіздеме болмаған кезде (құжатқа);
 - 4) осы бұйрықтың (құжаттың) орындалуын растайтын есептік құжатты, мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеу үшін негіздеме болып табылатын бұйрықты немесе өзге құжатты берген тұлғаға жөнелту (тапсыру).
4. Осы Қағида Орталық депозитарийдің клиенттері үшін тыйымдарды мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеуге қолданылатын талаптар, ерекше шарттар, шектеулер мен тыйымдар.

Орталық депозитарийдің мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеу кезінде іске қосылған жеке шоттардың және қосалқы шоттардың бөлімдерінің корреспонденциясын, мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеу жөніндегі іс-әрекеттерін орындау алгоритмдері мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеудің өзге техникалық егжей-тегжейлері Басқарма шешімдерімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталады.

55-бап. Тіркелетін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар жіктемесі

1. Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий олар тіркейтін мәмілені, операцияны және оқиғаларды мынадай негізгі белгілер бойынша жіктейді:
 - 1) бір атаудағы барлық құралдарға мәміле (операция, оқиға) жата ма немесе жоқ па;
 - 2) құралдарға меншік құқығының ауысуымен мәміле (операция, оқиға) ықпал ете ме немесе жоқ па;
 - 3) құралдар бойынша меншік құқығын пайдалануға мәміле (операция, оқиға) ықпал ете ме немесе жоқ па.
2. Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий жеке топқа жіктеудің негізгі белгілері бойынша құрылған топқа енгізілуі мүмкін емес өздері тіркейтін мәмілені, операцияны және оқиғаны сол өзге мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды жеке топқа бөледі.
3. Бұдан өзге, осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий келесі қосымша белгілер бойынша тіркелетін мәмілені, операцияны және оқиғаны жіктейді:
 - 1) екі қарсы бұйрықтың немесе бір бұйрықтың (құжаттың) негізінде мәміле (операция, оқиға); тіркеледі ме;
 - 2) мәміле (операция, оқиға) ақша аударымен байланысты ма немесе жоқ па;
 - 3) мәміле (операция, оқиға) ұйымдастырылған қаржы нарығымен байланысты ма немесе жоқ па.

§ 1. Жіктеменің негізгі белгілері бойынша топталған мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

56-бап. Бір атаудағы барлық құралдарға жататын мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий олар тіркеген мәмілелердің, операциялар мен оқиғалардың төмендегідей түрлерін бір атаудағы барлық құралдарға жататындар ретінде жіктейді:
 - 1) құралдарды мәжбүрлі сатып алу;
 - 2) құралдарды бөлшектеу;

- 3) құралдарды шоғырландыру;
 - 4) құралдарды алмастыру;
 - 5) құралдарды айырбастау;
 - 6) құралдар шығарылымының күшін жою;
 - 7) құралдарды өтеу.
2. Орталық депозитарийде өзге тіркелетін осы баптың 1-тармағында тізбеленгеннен басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар осы Қағидада бір атаудағы барлық құралдарға жататын мәмілелер, операциялар мен оқиғалар ретінде қаралады.

57-бап. Құралдарға меншік құқығының көшуіне байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий олар тіркеген мәмілелердің, операциялар мен оқиғалардың төмендегідей түрлерін құралдарға меншік құқығының көшуіне байланысты ретінде жіктейді (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
 - 1) құралдарды сатып алу-сату мәмілесі, оның ішінде құралдарды орналастырған кезде;
 - 2) нетто-операция;
 - 3) репо немесе соған ұқсас операция; репо операциясын жүзеге асырған кезде өтемақы төлемін аудару.
2. Орталық депозитарийде өзге тіркелетін осы баптың 1-тармағында тізбеленгеннен басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар осы Қағидада құралдарға меншік құқығының көшуімен байланысты емес мәмілелер, операциялар мен оқиғалар ретінде қаралады (осы баптың 3-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып).
3. Орталық депозитарий құралдарды аударуды басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар тобына жатқызады, өйткені құралдарды аудару құралдарға меншік құқығының көшуіне байланысты және байланысты емес болуы мүмкін.

58-бап. Құралдар бойынша меншік иесінің құқықтарын пайдалануға әсер ететін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий олар тіркеген мәмілелердің, операциялар мен оқиғалардың төмендегідей түрлерін құралдар бойынша меншік иесінің құқықтарын пайдалануға әсер етушілер ретінде жіктейді:
 - 1) құралдарды оқшаулау;
 - 2) құралдар бойынша құқық кепілі;
 - 3) құралдарға ауыртпалық салу;

- 4) сенімгерлік басқарушы туралы жазбалар енгізу.
2. Орталық депозитарийде өзге тіркелетін осы баптың 1-тармағында тізбеленгеннен басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар осы Қағидада құралдар бойынша меншік иесінің құқықтарын пайдалануға әсер ететін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар ретінде қаралады.

59-бап. Басқа мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

Осы Қағиданың мақсаты үшін Орталық депозитарий олар тіркеген мәмілелердің, операциялар мен оқиғалардың төмендегідей түрлерін жіктеудің негізгі белгілері бойынша қалыптастырылған топқа кірмейтін басқалар сияқты жіктейді:

- 1) құралдарды аудару;
- 2) құралдарды Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына енгізу;
- 3) құралдарды Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан шығару;
- 4) депозитарлық қолхаттарды айырбастау;
- 5) депонентті немесе бірнеше депоненттерді бір мезгілде қайта ұйымдастырған кездегі операция.

§ 2. Жіктеменің қосымша белгілері бойынша топталған мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

60-бап. Ыңғайласпа бұйрықтар негізінде тіркелетін мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Ыңғайласпа бұйрықтар негізінде Орталық депозитарий ұйымдастырылмаған қаржы нарығында жасалған мәмілелерді тіркейді.

Қандай-да бір құжаттың негізінде Орталық депозитарийдің тіркеуіне жататын барлық қалған мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды олар бір бұйрықтың немесе бір құжаттың негізінде тіркейді.

2. Бір мәмілені тіркеу үшін негіз болып табылатын ыңғайласпа бұйрықтар өзара тексеруге жатады.

Аталған тексеру критерийлері мен оны өткізу тәртібі оның Басқармасының шешімімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталады.

3. Орталық депозитарий мәмілені осы баптың 2-тармағына сәйкес орындалған осы бұйрықтарды тексерудің оң нәтижесін алған кезде ыңғайласпа бұйрықтар негізінде тіркейді.

Осы баптың 2-тармағына сәйкес орындалған тексерудің кері нәтижесін алған кезде Орталық депозитарий тексерілген ыңғайласпа бұйрықтар негізінде мәмілелерді тіркеуден бас тартады.

61-бап. Ақша аударуға байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар

1. Төмендегі түрдегідей мәмілелер Орталық депозитарийде бұйрықтар негізінде ақша аударумен бір мезгілде тіркеледі, олардың әрқайсысы құралдарды аудару үшін және ақша аудару үшін негіздеме болып табылады (осы баптың 2-тармағында белгіленген шектеулерді ескере отырып):

- 1) орналастырылатын құралдарды сатып алу-сату мәмілесі;
- 2) құралдарды сатып алу-сату мәмілесі, оның ішінде екі депонент арасында жасалған репоны ашу мәмілесі немесе репоны жабу мәмілесі;
- 3) құралдарды сатып алу-сату мәмілесі, оның ішінде екі әртүрлі депонент клиенттерінің арасында жасалған репоны ашу мәмілесі немесе репоны жабу мәмілесі;
- 4) құралдарды сатып алу-сату мәмілесі, оның ішінде депонент пен басқа депонент клиентінің арасында жасалған репоны ашу мәмілесі немесе репоны жабу мәмілесі;
- 5) құралдарды сатып алу-сату мәмілесі, оның ішінде, егер екеуінің банктік шоты Орталық депозитарийде ашылса, депонент пен оның клиентінің арасында жасалған репоны ашу мәмілесі немесе репоны жабу мәмілесі.

2. Орталық депозитарий тек депоненттердің жеке шоттарында ашылған қосалқы шоттар бойынша ақша аударуға байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілелерін тіркейді.

3. Ақша аударуға байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілелерін тіркеу кезінде мұндай аудару осы тармақтың екінші абзацында белгіленгендерді қоспағанда, бұйрықта көзделген жиынтықта жүзеге асырылады.

Бұйрықтар тізімдемесінің негізінде жазылым жүргізу жолымен орналастырылған құралдарды сатып алу-сату мәмілелерін тіркеген кезде ақша аудару құралдарды әрбір сатып алушыдан аталған тізімдемеге кіретін осы сатып алушының барлық бұйрықтарын орындау үшін қажетті және жеткілікті жиынтықта жеке жүзеге асырылады.

4. Ақша аударуға байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілелерін тіркеу кезінде мұндай аудару депоненттің Орталық депозитарийде ашылған банктік шоты бойынша немесе ААБЖ-дағы депонент жайғасымы бойынша жүзеге асырылады.
5. Ақша аударуға байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілелерін тіркеу Орталық депозитарийде осы Қағиданың 67-бабына сәйкес "төлемге қарсы жеткізу" принципін сақтаумен жүзеге асырылады.

62-бап. Ұйымдастырылған қаржы нарығына байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар. Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін ақпарат

1. Өзінің операциялық күні ішінде Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыға "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шотта есептелетін құралдар саны туралы және осы құралдар санының өзгеруі туралы хабарлайды.
2. Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыға сауда-саттық ашылғанға дейін Орталық депозитарийдің операциялық күнінің басында "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шотта есептелетін құралдар саны туралы ақпарат бар хабарламаны береді.

Орталық депозитарий осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес сауда-саттықты ұйымдастырушыға берген хабарламаға сауда-саттық мәні болып табылмайтын немесе оларды айналысқа жіберу тоқтаған құралдар қалдықтары туралы ақпарат кірмейді.

3. Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыға осы құралдармен жасалған әрбір жекелеген мәмілелерді (операцияларды) тіркеген кезде өзінің операциялық күні ішінде "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар қосалқы шотта есептелетін құралдар санының өзгерісі туралы ақпарат бар хабарламаны береді.
4. Орталық депозитарий осы бапқа сәйкес беретін хабарламалар форматтары Орталық депозитарий мен сауда-саттықты ұйымдастырушының арасындағы шартпен немесе осы шартқа сәйкес анықталады.

63-бап. Ұйымдастырылған қаржы нарығына байланысты мәмілелер, операциялар мен оқиғалар. Сауда-саттықты ұйымдастырушыны тексеру

1. "Сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар құралдарды жіберушінің қосалқы шоты бойынша ұйымдастырылмаған қаржы нарығында жасалған (жүзеге асырылған) мәміле (операция) сауда-саттықты тиісті ұйымдастырушының оны тіркеу мүмкіндігі мәніне тексеруге (бұдан әрі осы бапта – тексеру) жатады.

Тексеру критерийі мен оны өткізу тәртібі сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжатымен анықталады.

Тексерудің оң нәтижесі құралдар санының көзделген қосалқы шоттан сату үшін қолжетімді және сауда-саттықты ұйымдастырушының алдында құралдарды жіберушінің міндеттемесін орындау үшін және тексерілген мәмілелерді тіркеу үшін қолжетімді екенін білдіреді.

2. Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушыға "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" қосымша белгісі бар құралдарды жіберушінің қосалқы шоты бойынша ұйымдастырылмаған қаржы нарығында жасалған (жүзеге асырылған) мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге бұйрықты (ыңғайласпа бұйрықтарды) алғаннан кейін тексеруді орындауға сұрату жібереді.

Сауда-саттықты ұйымдастырушы Орталық депозитарийге хабарлама түрінде тексеру нәтижесін жібереді.

Көзделген сұрату мен хабарлама форматтары Орталық депозитарий мен сауда-саттықты ұйымдастырушының арасындағы шартпен немесе осы шартқа сәйкес анықталады.

3. Орталық депозитарий кез келген төмендегі негіздемелер бойынша тексерілген мәмілелерді (операцияларды) тіркеуге бұйрықты (ыңғайласпа бұйрықтарды) орындаудан бас тартады:
 - 1) Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің операциялық күні аяқталғанға дейін сауда-саттықты ұйымдастырушының тексеру нәтижесі бар хабарламасын алмағанда, сол күні тексерілген мәміле бұйрыққа (ыңғайласпа бұйрыққа) сәйкес тіркелген болуы тиіс;
 - 2) Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушының тексерудің кері нәтижесі бар хабарламасын алғанда;
 - 3) Орталық депозитарий сауда-саттықты ұйымдастырушының тексерудің оң нәтижесі бар хабарламасын алғанда, солай болса да, осы баптың 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарий сұратуды жіберген сәттен бастап сауда-саттықты ұйымдастырушы хабарлама алғанға дейін "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар құралдарды жіберушінің қосалқы шот бөліміндегі құралдар саны тексерілген мәмілелерді (операцияларды) тіркеу үшін, мысалы, осы құралдардың оқшаулану себебінен жеткіліксіз болды.

4. Орталық депозитарий егер ол сауда-саттықты ұйымдастырушының тексерудің оң нәтижесі бар хабарламасы алса, тексерілген мәмілені (операцияны) тіркеуді және бұл ретте осы баптың 2-тармағына сәйкес Орталық депозитарийдің сұратуын жіберген сәттен бастап сауда-саттықты ұйымдастырушының хабарламасын алғанға дейінгі кезеңнің аяқталуы бойынша "сауда-саттыққа қатысушының қосалқы шоты" белгісі бар құралдарды жіберушінің қосалқы шот бөліміндегі құралдар саны тексерілген мәмілелерді (операцияларды) тіркеу үшін жеткілікті болды.

§ 3. Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеу тәртібі туралы жалпы ережелер

64-бап. Негізгі ережелер

1. Орталық депозитарий тек осы Қағиданың 66-бабына сәйкес ол тіркеуден бас тартпаған мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды ғана тіркейді.
2. Орталық депозитарийдің ақша аударуға байланысты емес (байланысты болмаған) мәмілелерді (операциялар, оқиғалар) тіркеу бойынша негізгі іс-әрекеті құралдарды аудару болып табылады.

Орталық депозитарийдің ақша аударуға байланысты (байланысты болған) мәмілелерді (операциялар, оқиғалар) тіркеу бойынша негізгі іс-әрекеті бір бағыттағы құралдарды аудару және сол немесе кері бағытта ақша аудару үшін қажетті іс-әрекеттер болып табылады (осы Қағиданың 67-бабына сәйкес "төлемге қарсы жеткізу" принципін сақтаумен).
3. Номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығын қарастыраын оған бұрын берілген лицензияның қолданылуы тоқтаған депонент Орталық депозитарийге төмендегідей бұйрықтарды қоспағанда, мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеуге бұйрықтар беруге құқылы емес:
 - 1) осы құралдарды "табылмаған клиент" белгісі бар қосалқы шотқа есеп алумен Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына құралдарды енгізуге;
 - 2) құралдарды басқа депоненттің номиналды ұстауына аударуға;
 - 3) құралдарды осы құралдарға меншік құқығының көшуінсіз ұстаушының жеке шотына аударуға;
 - 4) құралдарды Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан шығаруға;
 - 5) есептік құжаттарды беруге.

4. Орналастырылған (сатылатын, сатып алынатын, алынатын) құралдарды жеке сатушының (сатып алушының) құралдарды орналастыруға немесе сатуға немесе сатып алуға немесе алуға арналған сауда-саттықты ұйымдастырушының саудасына жасалған мәміле және осы Қағидаға сәйкес келмейтін оны орындау тәртібін Орталық депозитарий Орталық депозитарий мен осы сауда-саттықты ұйымдастырушының арасындағы шартқа сәйкес тіркейді.
5. Мәміле (операция, оқиға) Орталық депозитарий осы Қағиданың 54-бабында көзделген барлық іс-әрекеттерді орындауды аяқтаған сәттен бастап тіркелді (тіркелген) деп саналады.
6. Егер Орталық депозитарий операциялық күнді жапқан сәтте осы операциялық күн датасында орындауға жататын бұйрық қандай-да бір себеппен орындалмай қалған жағдайда, Орталық депозитарий бұйрықты берушіге аталған бұйрықты орындаудан бас тартады.

65-бап. Бұйрықтың орындалу ықтималдығын тексеру

1. Орталық депозитарий мәмілелерді (операцияларды, оқиғаларды) тіркеуге алған бұйрық Орталық депозитарийдің осы Қағиданың 8 және 66-баптарында қарастырылған осы бұйрықты орындаудан бас тарту үшін негіздеменің жоқтығы мәніне тексеруіне (бұдан әрі осы бапта – тексеру) жатады.

Тексеруді орындаған кезде Орталық депозитарий оларды тексеру қажеттігі осы Қағиданың 8 және 66-баптарынан туындайтын мәліметтерді қоспағанда, бұйрықтағы мәліметтерді олардың толықтығы, нақтылығы, дұрыстығы және өзектілігі мәніне тексермейді.

2. Орталық депозитарий тексеруді бұйрықты орындау күні орындайды.
3. Орталық депозитарий бұйрықты орындау бойынша іс-әрекеттерді орындауға тексерудің оң нәтижесін алған кезде кіріседі.

Тексерудің оң нәтижесін алған кезде Орталық депозитарий бұйрықты орындаудан бас тартады.

66-бап. Орталық депозитарийдің бұйрықты орындаудан бас тартуы үшін ерекше негіздеме

Орталық депозитарий осы Қағиданың 8-бабында көзделген жалпы негіздемелерден өзге кез келген келесі негіздемелердің бірі бойынша мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеуге бұйрықты орындаудан бас тартады:

- 1) бұйрық объектісі ретінде көрсетілген құралдардың, соның ішінде Орталық депозитарийдің тіркеу және депозитарлық қызмет көрсетуге қабылдаған құралдардың жоқтығы;

- 2) бұйрық объектісі ретінде көрсетілген құралдармен мәмілелердің, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату;
- 3) бұйрықты орындаудың белгіленген күнінің аяқталуы;
- 4) оның күні бұйрықты орындалу күнімен сәйкес келетін Орталық депозитарийдің операциялық күні аяқталғанға дейін Орталық депозитарийдің қарсы бұйрықты алмауы (егер осындай мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеу үшін талап етілсе);
- 5) Орталық депозитарийдің құралдарды сатып алу-сату мәмілесін тіркеуге немесе сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін нетто-операцияларды тіркеуге сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрығын алуы;
- 6) Орталық депозитарийдің сауда-саттықты ұйымдастырушыдан жазылым жүргізуге өтініште көрсетілген есеп айырысуды жүзеге асыру кезеңі басталғанға дейін немесе осы кезең аяқталғаннан кейін жазылым жүргізу арқылы орналастырылатын құралдарды сатып алу-сату мәмілесін тіркеуге бұйрықтар тізімдемесін алуы;
- 7) құралдарды жөнелтушінің жеке шоты (қосалқы шоты) ретінде және оны алушының жеке шоты (қосалқы шоты) ретінде сол бір жеке шотты (депоненттің жеке шотын қоспағанда) немесе қосалқы шотты көрсетуі;
- 8) мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеген кезде пайдаланылған жеке шотта немесе қосалқы шотта "жабық" мәртебесінің болуы;
- 9) мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеген кезде пайдаланылған жеке шотта немесе қосалқы шотта "оқшауланған" мәртебесінің болуы;
- 10) жөнелтушінің жеке шотының немесе қосалқы шотының бөлімінде бұйрықты орындау үшін жеткілікті санда бұйрықтың объектісі ретінде көрсетілген құралдардың, мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеген кезде пайдаланылатын құралдардың болмауы;
- 11) мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеген кезде пайдаланылған қосалқы шоттың банктік деректемелерінің толық еместігі, және/немесе нақты еместігі және/немесе айқын еместігі және/немесе өзекті еместігі;
- 12) Орталық депозитарийде ашылған ақшаны жөнелтуші – депоненттің банктік шотында немесе ААБЖ-да ақшаны жөнелтуші – депоненттің позициясында ақша аударымымен байланысты мәмілені (операцияны, оқиғаны) тіркеуге бұйрықты орындау үшін жеткілікті сомадағы ақшаның болмауы;
- 13) бұйрықты берушінің есепке алу ұйымы не қызмет көрсететін банк белгілеген бұйрықты орындау үшін сақтауға қажетті талаптарды және/немесе шектеулерді және/немесе ерекше шарттарды сақтамауы;

- 14) Орталық депозитарийдің Орталық депозитарийдің номиналды ұстауына құралдарды енгізуге немесе Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан құралдарды шығаруға Орталық депозитарийдің бұйрығын орындаудан бас тартатын хабарламаны есепке алу ұйымынан алуы;
- 15) осы тараумен және осы Қағиданың ерекше бөлігімен көзделген саннан өзге негіздеме бойынша.

67-бап. "Төлемге қарсы жеткізу" принципі

1. Орталық депозитарий мәмілені орындау үшін қажет құралдар мен ақшаны біруақытта аудару деп түсінілетін "төлемге қарсы жеткізу" принципін сақтаумен ақша аударымымен байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілесін тіркейді.
2. "Төлемге қарсы жеткізу" принципін сақтау үшін Орталық депозитарий транзиттік шоттарды пайдаланады.

Құралдар бойынша транзиттік шот ретінде құралдарды жөнелтушінің жеке шот немесе қосалқы шот "есеп айырысу" бөлімі пайдаланылады (бұдан әрі осы бапта – "есеп айырысу" бөлімі).

Ақша бойынша транзиттік шот ретінде Орталық депозитарийдің ішкі есебінің жүйесінде ашылған "транзиттік" арнайы ақша шоты пайдаланылады (бұдан әрі осы бапта – транзиттік ақша шоты). Транзиттік ақша шотында есептелетін ақшаға иелік етуді Орталық депозитарий өзі жүзеге асырады.

3. Ақша аударымымен байланысты құралдарды сатып алу-сату мәмілесін тіркеу кезінде Орталық депозитарий "есеп айырысу" бөліміне сатылатын құралдарды аударып, сондай-ақ Орталық депозитарийдің транзиттік ақша шотына құралдарды алушыға банктік шоттан (ААБЖ-да позиция) ақша аударуға төлем тапсырмасын орындауды жасайды және жібереді.
4. Егер ақша аударымы Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасына сәйкес орындалмаған жағдайда, Орталық депозитарий "есеп айырысу" бөлімінен құралдарды жөнелтушінің жеке шотының немесе қосалқы шотының осы құралдар "есеп айырысу" бөліміне есепке алу үшін есептен шығарылған бөліміне аударып (қайтарады).
5. Егер ақша аудару Орталық депозитарийдің төлем тапсырмасына сәйкес орындалған жағдайда:
 - 1) Орталық депозитарий тіркелетін мәміленің сипатына сәйкес келетін "есеп айырысу" бөлімінен құралдарды алушының жеке шотының немесе қосалқы шотының сол бөліміне аударып;
 - 2) Орталық депозитарий құралдарды жөнелтушінің банктік шотына (ААБЖ-да позиция) Орталық депозитарийдің транзиттік ақша шотынан ақша аударуға төлем тапсырмасын жасайды және орындауға жібереді.

§ 4. Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру және тоқтату

68-бап. Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату үшін негіздемелер

Орталық депозитарий кез келген мына негіздемелер бойынша қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады (осы атаудағы барлық құралдарға қатысты мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды қоспағанда) қандай да бір атаудағы кез келген негіздемелердің бірі бойынша:

- 1) қолданылатын заңнама талаптарын орындау мақсатында осындай тіркеуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға Орталық депозитарий міндетінің туындауы;
- 2) Орталық депозитарийдің осы атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы уәкілетті органның шешімдерін алуы;
- 3) Орталық депозитарийдің осы атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы уәкілетті органның шешімін алуы;
- 4) Орталық депозитарийдің мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы;
- 5) Орталық депозитарийдің есепке алу ұйымынан осы атаудағы құралдарды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы және осы жиналыспен байланысты осы атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру қажеттілігі туралы хабарламаны алуы.

69-бап. Мәмілелерді, операциялар мен оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі

1. Орталық депозитарий келесі күнмен қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұрады немесе тоқтатады:
 - 1) осы Қағиданың 68-бабының 1) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату кезінде – қолданылатын заңнамамен белгіленген немесе оған сәйкес күннен бастап;
 - 2) осы Қағиданың 68-бабының 2) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша тіркеу тоқтата тұрған немесе тоқтататылған кезде – осы атаудағы құралдар шығарылымы проспектісімен белгіленген немесе осы проспектіге сәйкес күннен бастап;

- 3) осы Қағиданың 68-бабының 3) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша тіркеу тоқтата тұрған немесе тоқтатылған кезде – уәкілетті органның шешімінде көрсетілген күннен бастап, бірақ мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру және тоқтату бойынша іс-әрекетті орындауға уәкілетті Орталық депозитарий қызметкерінің осы хабарламаны алу уақытынан ерте емес;
- 4) осы Қағиданың 68-бабының 4) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша тіркеу тоқтата тұрған немесе тоқтатылған кезде – Орталық депозитарийдің есепке алу ұйымынан хабарламаны алған күннен бастап, бірақ мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеу тоқтата тұру немесе тоқтату бойынша іс-әрекеттерді орындауға уәкілетті Орталық депозитарийдің қызметкерлері осы хабарламаны алған уақытынан ерте емес;
- 5) осы Қағиданың 68-бабының 2) тармақшасында көрсетілген негіздеме бойынша тіркеу тоқтата тұрған немесе тоқтатылған кезде, – мынадай күннен кешіктірмей:

есепке алу ұйымының хабарламасында көрсетілген күннен бастап; немесе

Орталық депозитарийдің есепке алу ұйымынан хабарламаны алған күннен бастап, бірақ мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеу тоқтата тұру немесе тоқтату бойынша іс-әрекеттерді орындауға уәкілетті Орталық депозитарийдің қызметкерлері осы хабарламаны алу уақытынан ерте емес.
2. Қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату кезінде осы атаудағы құралдарды өтеуді және оның шығарылымының күшін жоюды тіркеу ғана рұқсат етіледі.

Бұдан өзге, қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұру немесе тоқтату.
3. Тоқтатыла тұрған қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді жаңартуды Орталық депозитарий осындай тоқтата тұру үшін тиісінше негіздемедегі тәртіппен жүзеге асырады.
4. Орталық депозитарий қандай да бір атаудағы құралдармен мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеуді тоқтата тұрған, тоқтатылған немесе жаңартылған күннен бастап, бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей өзінің интернет-сайтында тиісінше жаңалықты жариялайды, сондай-ақ осы атаудағы құралдардың эмитентіне тоқтата тұру (тоқтату, жаңарту) туралы хабарламаны депоненттерге және сауда-саттықты ұйымдастырушыға жібереді.

6-тарау. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

70-бап. Есептік құжаттар

1. Орталық депозитарий тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асырған кезде ол өзінің клиенттеріне түрлі есептік құжаттарды береді, соның ішінде жасалатын немесе әрбір жеке бұйрық (өтінішке, оқиғаға) бойынша немесе күнге (уақыт сәтіне), немесе кезеңге, жеке бұйрықтардың (өтініштердің) немесе жеке бұйрықтарды (өтініштерді) беру қажеттілігінсіз реттік негізде немесе кезеңмен берілетін кезеңге.

Есептік құжаттардың тізбесі мен оларды жасау және беру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларына негізделіп, әзірленген және Орталық депозитарий Басқармасының шешімімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталады.

2. Есептік құжат депонент клиентіне осы клиент Қағидалар жинағына кіретін "Іскерлік қатынастарды орнату, қолдау және тоқтату қағидасы" деген ішкі құжатына сәйкес Орталық депозитариймен іскерлік қатынастарды орнату шартымен берілуі мүмкін.

Депонент клиентіне берілуі мүмкін есептік құжаттардың тізбесі және оны депонент клиентіне беру тәртібі Басқарма шешімімен бекітілген Орталық депозитарийдің ішкі құжатымен анықталады.

3. Есептік құжаттар Орталық депозитарий Басқармасының шешімдерімен бекітілген нысандар бойынша жасалады, нысаны тікелей Қазақстан Республикасы заңнамасымен немесе Орталық депозитарий мен оның клиенті арасындағы келісімдермен анықталған есептік құжаттарды қоспағанда, сондай-ақ еркін нысанда жасалатын осы Қағидаға сәйкес есептік құжаттарды қоспағанда.
4. Орталық депозитарий Басқарма шешімдерімен бекітілген есептік құжаттардың нысандарын өзінің интернет-сайтында жариялайды.
5. Орталық депозитарий Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық құжаттарды қабылдау мен беру уақыты қағидасы" деген ішкі құжатымен анықталған тәсілдерді есептік құжаттарды береді.
6. Орталық депозитарийдің есептік құжаттарды беру уақыты Қағидалар жинағына кіретін "Операциялық регламент" деген ішкі құжатымен анықталады.

71-бап. Депонент клиентін банкрот деп тану

1. Депонент клиентін банкрот деп тану Орталық депозитарийдің осы клиенттің атына ашылған қосалқы шот бойынша кез келген бұйрықтарды орындауын тоқтатуды тартады (осы баптың 2-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда және Орталық депозитарий осындай танудың дәлелдемесімен келісу шартымен).
2. Банкрот деп танылған депонент клиентінің атына ашылған қосалқы шот бойынша, осы депонент келесі бұйрықтарды қоспағанда мәмілелерді, операцияларды, оқиғаларды тіркеуге бұйрықтарды беруге құқылы емес:
 - 1) басқа депоненттің номиналды ұстауына құралдарды аудару;
 - 2) осы құралдарға меншік құқығын ауыстырмастан ұстаушының жеке шотына құралдарды аудару;
 - 3) Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан құралдарды шығару.
3. Орталық депозитарий Орталық депозитарийдің осы депоненттен алған мынадай құжаттарды қарау нәтижелері бойынша депонент клиентінің банкрот болуын тану дәлелдерімен келіседі немесе келіседі (осы баптың 4 және 5-тармақтарымен белгіленгендерді ескеріп):
 - 1) осы клиентті банкрот деп тану туралы хабарлама (бұдан әрі осы бапта – хабарлама);
 - 2) қолданылатын заңнамаға сәйкес осы клиентті банкрот деп тану туралы осыған уәкілетті өзге органның немесе соттың шешімдерінің болуын растайтын құжаттың көшірмесі.
4. Хабарлама депонент клиентін банкрот деп тану туралы еркін жазба болуы тиіс, сондай-ақ мынадай мәліметтер (дәлелдер):
 - 1) осы клиенттің қосалқы шотының нөмірі туралы;
 - 2) қолданылатын заңнамаға сәйкес осы клиентті банкрот деп тану туралы шешімді қабылдаған соттың немесе өзге уәкілетті органның атауы туралы; аталған шешімдерді қабылдау күндері туралы және оның заңды күшіне енуі;
 - 3) қолданылатын заңнамаға сәйкес осы клиентті банкрот деп тану туралы хабарландыру жариялаған бұқаралық ақпарат құралының атауы туралы; осындай жариялану күні (күндері) туралы.
5. Хабарламаға Орталық депозитарийге берілген осы депоненттің қол қою үлгілері мен мөр бедері бар және осы депоненттің атынан бірінші қол қою құқығына ие карточкада көрсетілген тұлға қол қоюы тиіс (егер осы депоненттің мөр бедері аталған карточкада бар болса).
6. Орталық депозитарий депонент клиентін банкрот деп тану дәлелдемелерімен келіседі, егер Орталық депозитарийде осы баптың 7-тармағына сәйкес осы дәлелдемелермен келіспеуге негіздеме жоқ болса.

7. Орталық депозитарий кез келген мынадай негіздемелердің бірі бойынша депонент клиентін банкрот деп тану дәлелдемелерімен келіспейді:
 - 1) осы баптың 3–5-тармақтарымен белгіленген кез келген талаптарын сақтамау;
 - 2) нөмірі хабарламада келтірілген қосалқы шоттың деректемелеріне банкрот ретінде танылған осыған уәкілетті органның немесе сот шешімінде көрсетілген тұлға деректемелерінің сәйкес келмеуі;
 - 3) осы баптың 4-тармағының 3) тармақшасында айтылған хабарландырудың депонент көрсеткен бұқаралық ақпарат құралында болмауы;
 - 4) осы клиентті банкрот деп тану туралы осыған уәкілетті өзге органның немесе сот шешімінің қабылдануын растайтын құжаттың жалғандығының нақты белгілерінің болуы;
 - 5) Орталық депозитарий үшін жеткілікті және ол дәлелдейтін өзге негіздемелер бойынша.
8. Орталық депозитарий депонент клиентін банкрот деп тану дәлелдемелерімен келіскен жағдайда Орталық депозитарий хабарламаны алған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей:
 - 1) Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіне осы клиентті банкрот деп тану туралы мәліметтерді енгізеді;
 - 2) осы клиенттің атына ашылған қосалқы шот бойынша кез келген бұйрықтардың орындалуын тоқтатады (осы баптың 2-тармағымен белгіленгендерді қоспағанда);
 - 3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес Орталық депозитарий орындаған іс-әрекеттер туралы жазбаша хабарламаны осы депонентке жібереді.
9. Орталық депозитарий депонент клиентін банкрот деп тану дәлелдемелерімен келіспеген жағдайда Орталық депозитарий хабарламаны алған күннен бастап бірінші жұмыс күнінен кешіктірмей осы депонентке осындай келіспеушіліктің негіздемесін келтірумен осындай келіспеу туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

72-бап. Орталық депозитарий қызметін төлеу

Тіркеу және депозитарлық қызметті жүзеге асырған кезде көрсететін Орталық депозитарийдің қызметі Қағидалар жинағының құрамына кіретін "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатына сәйкес төленеді (осы баптың екінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескеріп).

Тіркеу қызметін жүзеге асыру барысында көрсетілетін Орталық депозитарийдің қызметін жаңа редакциядағы Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатын бекіткенге және қолданысқа енгізгенге дейін "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-ның "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатына төленеді. (2017 жылғы 6 қазандағы отырыстың № 17 хаттамасы). "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-ның осы ішкі құжаты осы Қағида қолданысқа енгізілген сәттен бастап Қағидалар жинағына енгізіледі, бірақ бұл ретте Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2011 жылғы 29 маусымдағы отырыстың № 5 хаттамасы) және Қағидалар жинағына кіретін Орталық депозитарийдің ішкі құжаттарымен бекітілген Орталық депозитарийдің "Тарифтер мен алымдар туралы ереже" деген ішкі құжатына сәйкес келмейтін бөлікте ғана қолданылады.

73-бап. Қорытынды ережелер

1. Реттеу тәртібі осы Қағидамен анықталмаған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.
2. Егер осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданысқа енгізілгеннен кейін осы Қағиданың нормаларынан ерекшеленетін ережелер белгіленетін болады, Орталық депозитарий осындай ережелерді басшылыққа алатын болады.

74-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Қағиданың ерекше бөлігін бекіткенге және қолданысқа енгізгенге дейін Орталық депозитарий 62–64-тармақтармен, 5 және 9-тараулармен, 10-тараудың, 11-тараудың 2-параграфымен (191, 194, 199-тармақтарды қоспағанда) белгіленген мәмілені, операцияны және оқиғаны тіркейді:
 - 1) "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ-ның ішкі құжаты "Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Тізілімдер жүйесін жүргізу қағидасы" (2015 жылғы 22 қаңтардағы отырыстың № 1 хаттамасы);

- 2) Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген "Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы" деген Орталық депозитарийдің ішкі құжатының 5 және 6-тарауларымен (2010 жылғы 10 тамыздағы отырыстың №7 хаттамасы).
2. Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген нормалар осы Қағидаға қарама-қайшы келмейтін деңгейде Орталық депозитарий қолданады.
3. Осы Қағиданы қолданысқа енгізумен Орталық депозитарий және оның клиенттері Орталық депозитарийдің Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 10 тамыздағы отырыстың №7 хаттамасы) бекітілген Орталық депозитарийдің "Депозитарлық қызметті жүзеге асыру қағидасы" деген ішкі құжатының 5 және 6-тарауларында тіркелу тәртібі сипатталған мәмілелерді, операцияларды және оқиғаларды тіркеу үшін осы Қағиданың 5-бабына сәйкес Орталық депозитарий Басқармасының шешімдерімен бекітілген нысандар пайдалануы тиіс.

Президент

Б.Х. Капышев

Тіркеу және депозитарлық
қызметті жүзеге асыру
қағидасына

1-қосымша

Жеке шоттар мен қосалқы шоттар

Жеке шоттардың бөлімдерінің тізбесі мен сипаттамасы

№ p/p	Бөлімнің атауы	Бөлімде есептелетін құралдар	Жеке шоттың ¹ түрі, онда бөлім ерекше көрсетіледі							
			IAN	IBO	IDR	IND	IAN	HOL	COM	DEP
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Негізгі	Кестенің қалған жолдарында келтірілген сипаттамаға сай келетіндерді қоспағандағы барлық құралдар	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	
2	Корпоративтік оқиғалар	Корпоративтік оқиғалар қозғалған құралдар, оған байланысты осы құралдармен жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелер осы оқиғаның уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес						✓	✓	
3	Қалдықтар²	Оның жүзеге асырылуы құралдардың бөлшекті қалдықтарының ықтимал туындауымен түйіндескен осы құралдарды, оны айырбастауды немесе басқа операцияларды шоғырландыру нәтижесінде туындаған құралдардың бөлшекті қалдықтары						✓	✓	
4	Мерзімінен бұрын өтеу²	Мерзімінен бұрын өтеуге (соның ішінде ішінара өтеуге) жататын құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осы құралдардың шығарылымы проспектісіне сәйкес жасалуы мүмкін емес						✓	✓	

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Тіркеу және депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)**

№ p/p	Бөлімнің атауы	Бөлімде есептелетін құралдар	Жеке шоттың ¹ түрі, онда бөлім ерекше көрсетіледі							
			IAN	IBO	IDR	IND	IAN	HOL	COM	DEP
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
5	Есеп айырысулар	Сатып алу-сату мәмілесінің мәні болып табылатын құралдар, осыған байланысты осы құралдармен жасалған қалған азаматтық-құқықтық мәмілелер Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі осы мәмілені тіркеу уақытының ішінде жасалуы мүмкін емес	✓	✓				✓	✓	
6	Оқшаулау	Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауға құралдарға осы құралдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында уақытша тыйым салынды	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓
7	Кепіл	Құралдар, ол бойынша құқықтар кепіл мәні болып табылады, Орындалуы көрсетілген кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелердің іс-әрекеті уақыт ішінде жасалуы мүмкін емес осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер		✓				✓	✓	
8	Ауыртпалық	Қандай да бір ауыртпалық салынған құралдар (осы құралдар бойынша құқық кепілінен өзге), соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер орындалуы осындай ауыртпалықпен қамтамасыз етілген міндеттемелердің әрекет ету уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес		✓				✓	✓	
9	Сенімгерлік басқару²	"Банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген негіздемелер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруына немесе ұлттық басқарушы холдингке берілген қаржы ұйымының акциялары						✓	✓	

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарий" АҚ Қағидалар жинағы:
Тіркеу және депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)**

¹ Жеке шоттың түрлері.

IAN	жарияланған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты	IPM	айналыс мерзімі өткен құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты
IBO	сатып алынған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты	HOL	ұстаушының жеке шоты
IDR	шығарылған құралдар бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты	COM	жалпы өкілдің жеке шоты
IND	олардың иелері талап етпеген орналастырылмаған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шоты	DEP	депоненттің жеке шоты

² Осы бөлімде талап ету құқықтары мен ЖШС-дегі үлестер есепке алынбауы мүмкін.

Тіркеу және депозитарлық
қызметтерді жүзеге асыру
қағидасына

2-қосымша

Жеке шоттар мен қосалқы шоттар

Депоненттің жеке шотында ашылатын қосалқы шоттардың тізбесі мен сипаттамасы

№ р/н	Қосалқы шоттың атауы	Атына қосалқы шот ашатын тұлға	Қосалқы шотында есепке алынатын құралдар
А	1	2	3
1	Депоненттің қосалқы шоты ¹	Депонент	Депонентке тиесілі құралдар
2	Жарияланған құралдарды есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты	Депонент	Депонент шығарған, бірақ олар орналастырмаған құралдар
3	Сатып алынған құралдарды есепке алу үшін депоненттің қосалқы шоты	Депонент	Депонент шығарған және қайталама қаржы нарығында сатып алған құралдар
4	Ұстаушының қосалқы шоты	Депоненттің клиенті	Депонент клиентіне тиесілі құралдар
5	Номиналды ұстаушының қосалқы шоты ²	Депоненттің клиенті	Депонент клиентінің номиналды ұстауында тұрған құралдар
6	Жарияланған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің қосалқы шоты	Депоненттің клиенті	Депонент клиенті шығарған, бірақ орналастырылмаған құралдар
7	Сатып алған құралдарды есепке алу үшін эмитенттің қосалқы шоты	Депоненттің клиенті	Депонент клиенті шығарған құралдар және қайталама қаржы нарығында сатып алған

¹ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес депоненттің жеке шотында депоненттің қосалқы шотын ғана ашуы мүмкін, егер депонент дилерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылса (лицензия негізінде немесе онсыз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес).

² Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес номиналды ұстаушының қосалқы шоты келесі жағдайларда ашылады.

	Депонент	Депонент клиенті	Депонент клиентіне номиналды ұстауындағы құралдар
1 жағдай	Шетелдік депозитарий немесе шетелдік кастодиан	Кез келген	Кез келген
2 жағдай	Кастодиан	Қазақстан Республикасы резиденті	Қазақстан Республикасынан өзге мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған құралдар
3 жағдай	Кастодиан	Қазақстан Республикасы резидент емесі	Кез келген

Тіркеу және депозитарлық
қызметтерді жүзеге асыру
қағидасына

3-қосымша

Жеке шоттар мен қосалқы шоттар

Депоненттің жеке шотында ашылатын қосалқы шоттың бөлімдерінің тізбесі мен сипаттамасы

№ р/р	Бөлімнің атауы	Бөлімде есептелетін құралдар
A		
1	Негізгі	Кестенің қалған жолдарында келтірілген сипаттамаға сәйкес келетіндерді қоспағандағы барлық құралдар
2	Корпоративтік оқиғалар¹	Корпоративтік оқиғамен қозғалған құралдар, оған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осы оқиғаның уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
3	Қалдықтар¹	Осы құралдарды шоғырландыру, оны айырбастау немесе оны жүзеге асыру құралдардың бөлшек қалдықтарының ықтимал туындауымен тоғысқан басқа операциялардың нәтижесінде туындаған құралдардың бөлшек қалдықтары
4	Мерзімінен бұрын өтеу¹	Мерзімінен бұрын өтеуге жататын құралдар (соның ішінде ішінара өтеуге), соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осы құралдардың шығарылымы проспектісіне сәйкес жасалуы мүмкін емес
5	Есеп айырысулар	Сатып алу-сату мәмілесінің мәні болып табылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен жасалған қалған азаматтық-құқықтық мәмілелері Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде осы мәмілені тіркеу уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
6	Кепілдемелік жарна	Сауда-саттық ұйымдастырушысы алдындағы міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында оқшауланған құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осы міндеттеменің қолданылу уақыты жасалуы мүмкін емес
7	Сауда-саттық¹	Акциялардың мемлекеттік (Қазақстан Республикасына тиесілі) пакетін сатып алу сату мәмілесінің мәні болып табылатын акциялар, соған байланысты осы акциялармен жасалған қалған азаматтық-құқықтық мәмілелер осы пакетті оқшаулаудың сауда-саттық алдындағы оқшаулау уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
8	Репо¹	"Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операциясының мәні болып табылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осы операция бойынша репоны сатушы міндеттемесінің қолданылу уақыты уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес

**"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ Қағидалар жинағы:
Тіркеу және депозитарлық қызметтерді жүзеге асыру қағидасы (жалпы бөлім)**

№ p/p	Бөлімнің атауы	Бөлімде есептелетін құралдар
A		
9	Тұрақты қолжетімділік^{1,2}	Тұрақты қолжетімділік операциясының мәні болып табылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен жасалған қалған азаматтық-құқықтық мәмілелер осы операция бойынша репоны сатушының міндеттемесінің қолданылу уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
10	ҚР ҰБ аукционы¹	Ұлттық Банк сатып алған немесе Ұлттық Банктің аукционында Ұлттық Банктен сатып алған құралдар, соған байланысты осы құралдармен жасалған қалған азаматтық-құқықтық мәмілелер тиісінше осы құралдарды сатушының немесе сатып алушының міндеттемелерінің қолданылу уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
11	Оқшаулау	Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға уәкілетті мемлекеттік органның шешімімен азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау құралдарына осы құралдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында уақытша тыйым салынды
12	Кепіл¹	Ол бойынша құқықтар кепіл мәні болып табылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер орындаулы аталған кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелердің әрекет ету уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
13	Ауыртпалық	Қандай да бір ауыртпалық салынған құралдар (осы құралдар бойынша құқық кепілінен өзге), соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер орындалуы көрсетілген кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемелердің әрекет ету уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
14	Сенімгерлік басқару	"Банктер және банк қызметі туралы", "Сақтандыру қызметі туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген негіздемелер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне немесе ұлттық басқару холдингке сенімгерлік басқаруға берілген қаржы ұйымының акциялары
15	Жолда	Орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан шығарылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осындай шығару уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес
16	Базалық актив	Туынды қаржы құралдарының базалық активі ретінде пайдаланылатын құралдар, соған байланысты осы құралдармен азаматтық-құқықтық мәмілелер осындай пайдалану уақыты ішінде жасалуы мүмкін емес

¹ Осы бөлімде талап ету құқықтары мен ЖШС-тегі үлестері есепке алынбауы мүмкін.

² "Тұрақты қолжетімділік" деген бөлім Ұлттық Банктің жеке шотында ашылған депоненттің қосалқы шотында ғана бөлініп көрсетіледі.